Бұл пән бойынша ең жоғары және ең төменгі орташа баллдың арасында едәуір айырмашылық байқалады – 21,0 балл (34-диаграмма).

34-диаграмма. 2015-2016 оқу жылындағы «Орыс әдебиеті» пәні бойынша орташа балл



24-кесте. 2015-2016 оқу жылындағы «Орыс әдебиеті» пәні бойынша орташа балл

Облыстар	оқушылар саны	орташа балл
Ақмола	4	16,8
Ақтөбе	2	1
Алматы	2	22
Атырау		
БҚО		
Жамбыл		
Қарағанды	3	14
Қостанай	6	13,8
Қызылорда		
Маңғыстау		
ОҚО		
Павлодар		
СҚО	11	16,36
ШҚО	4	18,9
<b>ҚР</b>	<b>32</b>	<b>14,7</b>


2016-2017 оқу жылында «Орыс әдебиеті» пәні бойынша тест тапсыруға 66 (5,4%) түлек қатысты. Пән бойынша орташа балл 18,5 баллды қрады, бұл 2015-2016 оқу жылына қарағанда 3,8 баллға жоғары. Республика бойынша орташа көрсеткіштен жоғары нәтижені төрт аймақтың мектеп түлектерінен байқауға болады.

Ең жоғары нәтижені Батыс Қазақстан (28,0) облысының мектеп түлектері көрсетті.

Ең төменгі орташа баллды Жамбыл (1,4) облысының мектеп түлектері алды.

Бұл пән бойынша ең жоғары және ең төменгі орташа баллдың арасында айырмашылық өте үлкен – 26,6 балл (34-диаграмма).

34-диаграмма. 2016-2017 оқу жылындағы «Орыс әдебиеті» пәні бойынша орташа балл



24-кесте. 2016-2017 оқу жылындағы «Орыс әдебиеті» пәні бойынша орташа балл

Облыстар	оқушылар саны	орташа балл
Ақмола	2	23
Ақтөбе	1	1,4
Алматы	0	0
Атырау		
БҚО	4	17,7
Жамбыл		
Қарағанды	1	21,3
Қостанай	39	15,6
Қызылорда		
Маңғыстау		
ОҚО		
Павлодар	3	23
СҚО	13	18,31
ШҚО	3	17,1
<b>ҚР</b>	<b>66</b>	<b>18,5</b>


«Ағылшын тілі» пәні бойынша тест тапсыруға 64 (3,7%) түлек қатысты. Республика бойынша орташа балл 17,44 баллды құрады. Бұл пәннен республика бойынша орташа көрсеткіштен жоғары нәтижені алты аймақтың мектеп түлектері көрсете білді.

Аймақтар бөлінісінде ең жоғары нәтижені Шығыс Қазақстан (22,4) облысы мектеп түлектерінен байқауға болады.

Ең төменгі көрсеткіш Ақтөбе (2,1) облысы түлектерінде болды.

Ең жоғары және ең төменгі орташа баллдың арасында айырмашылық – 20,3 балл (35-диаграмма).

35-диаграмма. 2015-2016 оқу жылындағы «Ағылшын тілі» пәні бойынша орташа балл



25-кесте. 2015-2016 оқу жылындағы «Ағылшын тілі» пәні бойынша орташа балл

Облыстар	оқушылар саны	орташа балл
Ақмола	9	18,7
Ақтөбе	1	2,1
Алматы	2	21
Атырау		
БҚО	2	21
Жамбыл		
Қарағанды	6	15,7
Қостанай	19	19,6
Қызылорда		
Маңғыстау		
ОҚО		
Павлодар	4	19
СҚО	17	17,47
ШҚО	4	22,4
<b>ҚР</b>	<b>64</b>	<b>17,44</b>


2016-2017 оқу жылында «Ағылшын тілі» пәні бойынша тест тапсыруға 80 (6,5%) түлек қатысты. Республика бойынша орташа балл 19,2 баллды құрады, бұл 2015-2016 оқу жылына қарағанда 2,76 баллға жоғары. Пән бойынша республикалық орташа көрсеткіштен жоғары нәтижені бес аймақтың мектеп түлектері көрсетті.

Аймақтар бөлінісінде ең жоғары нәтижеге Павлодар (26,0) облысы мектеп түлектерінің жеткенін байқауға болады.

Ең төменгі көрсеткіш Ақтөбе (7,2) облысы түлектерінде болды.

Ең жоғары және ең төменгі орташа баллдың арасында айырмашылық – 18,8 балл (36-диаграмма).

36-диаграмма. 2016-2017 оқу жылындағы «Ағылшын тілі» пәні бойынша орташа балл



26-кесте. 2016-2017 оқу жылындағы «Ағылшын тілі» пәні бойынша орташа балл

Облыстар	оқушылар саны	орташа балл
Ақмола	11	22,1
Ақтөбе	8	7,2
Алматы	2	19
Атырау		
БҚО	2	19
Жамбыл		
Қарағанды	7	20,8
Қостанай	24	21,4
Қызылорда	2	15,5
Маңғыстау		
ОҚО		
Павлодар	2	26
СҚО	13	24,83
ШҚО	9	15,7
<b>ҚР</b>	<b>80</b>	<b>19,2</b>


«Дүниежүзі тарихы» пәні бойынша тест тапсыруға 152 (8,7%) түлек қатысты. Республика бойынша орташа балл 14,0 баллды құрады. Республикалық орташа көрсеткіштен жоғары нәтижені сегіз аймақтың мектеп түлектері көрсетті.

Ең жоғары орташа баллға Оңтүстік Қазақстан (16,31) және Павлодар (16,3) облыстарының мектеп түлектері қол жеткізді.

Ең төменгі орташа балл Ақтөбе (3,8) облысы түлектерінің үлесінде болды.

Ең жоғары және ең төменгі орташа баллдың арасында айырмашылық 12,51 баллды құрады (37-диаграмма).

37-диаграмма. 2015-2016 оқу жылындағы «Дүниежүзі тарихы» пәні бойынша орташа балл



27-кесте. 2015-2016 оқу жылындағы «Дүниежүзі тарихы» пәні бойынша орташа балл

Облыстар	оқушылар саны	орташа балл
Ақмола	20	14,3
Ақтөбе	9	3,8
Алматы	3	16
Атырау		
БҚО	6	14,83
Жамбыл		
Қарағанды	5	15
Қостанай	37	13
Қызылорда		
Маңғыстау		
ОҚО	8	16,31
Павлодар	18	16,3
СҚО	40	14,27
ШҚО	6	15,8
<b>ҚР</b>	<b>152</b>	<b>14,0</b>


2016-2017 оқу жылында «Дүниежүзі тарихы» пәні бойынша тест тапсыруға 124 (10,1%) түлек қатысты. Республика бойынша орташа балл 14,7 баллды құрады, бұл 2015-2016 оқу жылына қарағанда 0,7 баллға жоғары. Республикалық орташа көрсеткіштен жоғары нәтижені алты аймақтың мектеп түлектері көрсетті.

Ең жоғары орташа баллға Павлодар (18,7) облысының мектеп түлектері қол жеткізді.

Ең төменгі орташа балл Ақтөбе (5,1) облысы түлектерінің үлесінде болды.

Ең жоғары және ең төменгі орташа баллдың арасында айырмашылық 13,6 баллды құрады (38-диаграмма).

38-диаграмма. 2016-2017 оқу жылындағы «Дүниежүзі тарихы» пәні бойынша орташа балл




28-кесте. 2016-2017 оқу жылындағы «Дүниежүзі тарихы» пәні бойынша орташа балл

Облыстар	оқушылар саны	орташа балл
Ақмола	26	14,4
Ақтөбе	10	5,1
Алматы	5	16
Атырау		
БҚО	3	16,33
Жамбыл		
Қарағанды	6	13,6
Қостанай	43	16,3
Қызылорда		
Маңғыстау		
ОҚО		
Павлодар	14	18,7
СҚО	11	15,43
ШҚО	6	16,4
<b>ҚР</b>	<b>124</b>	<b>14,7</b>

*Таңдау бойынша* оқу пәндері бөлінісінде ҰБТ нәтижелерін талдау қазақ тілінде оқытатын мектептердегі «Орыс тілі және әдебиет» пәні мен орыс тілінде оқытатын мектептердегі «Қазақ тілі және әдебиет» пәнінен басқа барлық оқу пәндері бойынша орташа баллдың жақсаруын көрсетіп отыр. Аталған пәндер бойынша өткен жылдың нәтижелерімен салыстырғанда орташа балл сәйкесінше 0,5 және 1,2 баллға төмендеп отыр (39-диаграмма).

39-диаграмма. ҰБТ нәтижелерінің динамикасы (таңдау бойынша пәндер)





29-кесте. ҰБТ нәтижелері (таңдау бойынша пәндер)


Облыстар	Орта балл 2015-2016	Орта балл 2016-2017	Динамика
Қазақ әдебиеті (Т1)	17,01	18,1	+ 1,09
Қазақ тілі және әдебиет (Т2)	15,5	14,3	- 1,2
Орыс тілі және әдебиет (Т2)	14,6	13,9	- 0,5
Орыс әдебиеті (Т1)	14,7	18,5	+ 3,8
Ағылшын тілі (қаз.)	16,7	19,03	+ 2,33
Ағылшын тілі (орыс т.)	17,44	19,2	+ 2,76
Дүниежүзі тарихы (қаз.)	15,1	16,6	+ 1,5
Дүниежүзі тарихы (орыс т.)	14	14,7	+ 0,7

Балаларды оқытудағы табыстылықтың негізгі факторларының бірі білім беру ұйымының педагогикалық ұжымының сапасы болып табылады. ҰБДҚ мәліметі бойынша, ШЖМ-да 51 844 мұғалім (16% қосалқы жұмыс жасайтын мұғалімдердің есебінсіз) жұмыс істейді. Қазіргі уақытта ШЖМ-дегі кадр тапшылығы қосалқы жұмыс жасайтын мұғалімдердің есебінен толығып отыр және соның есебінен 53 578 мұғалімді құрайды. Республика бойынша ШЖМ мұғалімдерінің орташа жасы - 39,6, оның ішінде жас мамандар - 3 971 адам (ШЖМ мұғалімдер санының 7,5% -ы). Жоғары санатты мұғалім саны - 6 295, бірінші санатты - 17 549, екінші санатты - 14 925, санаты жоқ мұғалімдер саны - 14 809.

Кадрларға деген сұраныс 2015 жылмен салыстырғанда 1226 мұғалімге артты, яғни 3 есе өсіп отыр. Жаратылыстану-математика бағытындағы пәндер бойынша жетіспейтін мұғалімдер саны 574 адам және ол маман тапшылығының жалпы санынан 46,8%-ын құрайды. ШЖМ-да қоғамдық гуманитарлық

бағыттағы пәндерден мұғалімдердің қажеттілігі 123 мұғалімге аз және 451 бірлікті құрайды.

40-диаграмма. 2017-2018 оқу жылындағы пәндер бойынша мұғалімдердің қажеттілігі туралы мәлімет



ШЖМ мұғалімдерінің арасында жоғары санатты мұғалімдердің үлесі орта есеппен 11,7% құрайды. Республиканың 6 облысында (Ақмола, Ақтөбе, Атырау, БҚО, Қызылорда, Маңғыстау) жоғарғы біліктілік санаты бар мұғалімдердің үлесі 10% -дан аз.

Академия қызметкерлері пилоттық мектептердің 3-сыныптарындағы апробация және республиканың жалпы орта білім беру мектептерінің 2, 5 және 7-ші сыныптарында МЖМБС-ның енгізілуіне мониторинг жүргізді.


Мониторинг барысында 2, 5 және 7-сыныптарда сабақтарға қатысып, мектеп әкімшілігімен, мұғалімдермен және ата-аналармен фокус топтарында сұхбат жүргізген болатын.

ҚГБ пәндер бойынша 5,7 сыныптардағы сабақтарға қатысу нәтижесі мұғалімдердің дәстүрлі білім беру тәсіліне көбірек басымдылық беретінін көрсетті. Мұғалімдерде тәжірибенің жетіспеушілігі мен сенімсіздік байқалатынын атап кеткен жөн. Мұғалімдер өздерінің сабақтарында оқытудың белсенді әдіс-тәсілдерін пайдаланады, бірақ тәжірибенің аздығына байланысты олар көп жағдайда тиімсіз болуда.

Топтық жұмысты ұйымдастыру деңгейі төмен, сабақты ұйымдастырудың әртүрлі нысандары тиімді пайдаланылмайды. Білім алушылардың жеке қабілеттері әрдайым ескерілмейді, білім алушылардың жақын даму аймағын ескеру арқылы, сараланған тапсырмалар таңдалмайтынын атап өткен жөн. Негізгі орта деңгейдегі 5-ші және 7-ші сыныптарда жұмыс істейтін мұғалімдерге әдістемелік қолдау және практикалық көмек қажет. Мұғалімдердің сенімсіздігі және сабақтарда жаңа тәсілдерді жүйесіз қолдану, білім алушылардың оқуға деген ынтасына теріс әсер етеді. Мұғалімдер

сабақты 40 минутта аяқтап үлгере алмайды, яғни уақытты ұтымды жоспарлап, және оны тиімді пайдалану қажет (41-диаграмма).


41-диаграмма. Білім алушылардың жас ерекшеліктері мен жеке қабілеттерін ескеру көрсеткіші



Білім алушылар мұғалімнен кері байланысты көбіне сабақтың екінші жартысында, берілген жауапқа немесе орындалған тапсырмаға түсініктеме беру түрінде алады. Оқушылар қалыптастырушы бағалау принциптерін түсінеді. Мұғалімдер сабақ барысында көп уақытты қажет етпейтін қалыптастырушы бағалау нысандарын қолдануға тырысады және осылайша сабақта балалардың білім жетістіктерінің нәтижелеріне жеткілікті көңіл бөлмейді. Сабақ барысында мұғалімдер сигналдық карталарды, ауызша бағалау, балалардың жауаптарын қорыту, тексеруге арналған жаттығулар, өзін-өзі бағалау және өзара бағалау түрлерін пайдаланады.

Балалардың критериалды бағалау нысанына көзқарастары әртүрлі, сабақта олардың осы әдіске әлі де қалыптаспағаны байқалады. Балаларға дәстүрлі қолданылатын тәсілдер үйреншікті. Мысалы, олар сабақ барысында өзін-өзі бағалау және өзара бағалауды жақсы жүргізеді. Ата-аналармен жүргізілген сұхбат барысында белгілі болғандай, кейбір мұғалімдер жиынтық бағалауды өткізу технологиясының бұзылуына жол берген, жиынтық жұмыстары тапсырмаларының мазмұны өткен материалдарға сәйкес келмеуі балалардың алаңдаушылығын туғызып, білім алушылардың тарау мен тоқсандық қорытынды бағалауының төмендеуіне алып келді.

42-диаграмма. Кері байланыс және қалыптастырушы бағалау



Оқу процесінде «Мәңгілік ел» жалпыұлттық идеясының құндылықтары ашылмайды. Мұғалімдер «Мәңгілік ел» идеясының құндылықтарын ашатын мәтіндерді, қандай да бір ресурстар мен қосымша материалдарды аз пайдаланады. Сабақта оқу мақсаттары мен тәрбие аспектілерінің арасындағы байланыстың жүзеге асырылуы жеткіліксіз (43-диаграмма).

43-диаграмма. Құндылықты жүзеге асыру



Мониторингтік зерттеу көрсеткендей, жаңартылған мазмұн жағдайындағы пилоттық мектептердегі 3-сынып мұғалімдерінің кәсібилік деңгейі, жаңа МЖМБС, оқу бағдарламалары және ОӘК-мен оқытып жатқан 5,7-сыныптардың мұғалімдеріне қарағанда жоғары. Бұл, жаңа оқу

бағдарламаларын сынақтан өткізу барысындағы мұғалімдердің үш жылдық жұмыс тәжірибелері оң нәтиже бергенімен түсіндіріледі.

ШЖМ-нің ағымдағы жағдайын талдау көрсеткендей, негізгі мектепте қоғамдық-гуманитарлық бағытындағы пәндер бойынша білім алушылардың білім сапасы біртіндеп төмендеген және ШЖМ жоғарғы сыныптарында балалардың табыстылығы төмен. Қазіргі кезеңде ШЖМ-де оқу процесін ұйымдастыру сапасына ерекше назар аудару өте маңызды, себебі білім беру мазмұнының жаңаруына байланысты мектептегі білім беру тәсілдері өзгеруде.

ШЖМ оқушыларының жыл сайынғы республикалық және халықаралық деңгейдегі пәндік олимпиадалардағы және жобалық жұмыстарға қатысу көрсеткішінің төмендігі (5-6%), балалардың білімдерін тереңдетуге бағытталған жұмыстарды жүргізіп, жеке және саралап оқытуды ұйымдастыру үшін, олардың қабілеттері мен қызығушылықтарын анықтауға мұқият қарау қажеттілігін тағы да бір көрсетті, ал ШЖМ сыныптарының толымдылығы аз болуы кемшілік емес, керісінше артықшылық болып табылады.

ҚГБ пәндер бойынша білім алушылардың білім сапасын талдау қорытындысы көрсеткендей, бастауыш білім беру деңгейінен негізгі буынға өткен кезде білім деңгейлерінің арасындағы сабақтастық үзіледі, оны бастауыш және негізгі буын мұғалімдерінің алғашқы бір тоқсандағы өзара ынтымақтастығы арқасында оңай түзетуге болар еді, дегенмен көп жағдайда бұл ескерілмейтіні байқалады. Өзара сабаққа қатысу, әдіс бірлестігінің біріккен отырыстарында жұмыс бағыттарын талдау, негізгі мектептегі тереңдетіп оқытуға байланысты жұмыстарды дұрыс ұйымдастырудағы маңызды педагогикалық алғышарттарының бірі болып табылады.

Тереңдетіп оқытылатын ҚГБ пәнінің бағыты мен мазмұнын анықтау үшін, білім алушылардың нақты пәнді немесе курсты тереңдетіп оқу қажеттілігіне алдын ала диагностика жүргізу қажет, соның негізінде оқытудың жұмыс бағдарламасы әзірленетін болады.

Жүргізілген талдау, ШЖМ оқушыларының ҚГБ пәндерін тереңдетіп оқуын тиімді ұйымдастырудың келесі педагогикалық шарттарын бөліп көрсетуге мүмкіндік береді:

1) бастауыш мектепте жинақтаған білімдерін пәнді тереңдетіп оқуды жалғастыруға пайдалану. Бұл педагогикалық шарт білім беру жүйесіндегі үздіксіздікті қамтамасыз ету талаптарына сәйкес келеді (жоспарлау кезінде ескеру қажет).

2) белгілі бір білім саласындағы оқушының бейімділігі мен қабілеттерін уақыт өткізбей анықтау, білім алушының қызығушылығын, тұлға ретіндегі даму ерекшеліктерін және оның педагог жұмысының талаптарына, ерекшеліктеріне сәйкестігін ескере отырып, тиісті технологиялық даму картасын жасауға мүмкіндік береді. Бұл шарт алдымен, жұмыс нәтижесінің тиімділігін қамтамасыз ету үшін педагогтардың жеке тұлғаға бағытталған сапалы жұмыс жоспарын құруына кедергі келтіретін себептерді жою қажеттілігімен түсіндіріледі.

3) білім алушылардың бойында тиісті құндылықтарды дамыту, тұлғаның гуманистік құндылықтар бағытындағы дамуы (аксеологизация), оның

әлемге, өз іс-әрекетіне, адам ретінде өзіне көзқарасын анықтау. Оқушылар міндет қою, мәселені шешу жолын іздеу және шешім қабылдау, оны іске асыру жолында үнемі болып жатқан оқиғаларды дүниетанымы тұрғысынан бағалау жағдайында болады.

4) білім алушыларды тереңдетіп оқытуда жеке «білім беру траекториясын» іске асыру. Мұндағы жеке білім алу траекториясы – бұл әрбір оқушының өз білімін тереңдетудегі жеке қабілеттерін шығармашылық тұрғыдан жүзеге асыруының дара жолы. Жеке білім алу траекториясының негізгі элементтерін атап кетуге болады: іс-әрекетінің мән-мағынасы, жеке мақсат қою, іс-әрекетінің және оны жүзеге асыруының жоспары, нәтижеге жетуі, рефлексия, бағалау, түзету және мақсаттарын қайта қарау.

**Талдау нәтижелері бойынша ШЖМ жағдайында ҚГБ пәндерін тереңдетіп оқытудың негізгі бағыттарын анықтауға болады:**

- оқушылардың өзіндік жұмысының негізінде бастауыш және негізгі мектептерде тілдік пәндердің оқу бағдарламаларының мазмұнын күшейту;

- нақты өмір жағдайларына негізделген оқу тапсырмаларын әзірлеу, сондай-ақ нақты практикалық жағдайларды модельдейтін тапсырмалардың санын арттыру;

- ШЖМ білім алушыларына білім алу траекториясын кеңейтуге мүмкіндік беретін, көптүрлі білім беру бағдарламаларымен қамтамсыз ету;

- білім алушылардың әртүрлі категорияларына, олардың қабілеттеріне, жеке мүмкіндіктері мен қажеттіліктеріне сәйкес толыққанды білім алуға тең қолжетімділікті қамтамасыз етуге ықпал жасау;

- әлеуметтік-білім беру жобаларын әзірлеу арқылы, ШЖМ білім алушыларын әлеуметтендіру мүмкіндіктерін кеңейту;

- ШЖМ жоғары сынып оқушыларын қорытынды емтихандарға және ҰБТ-ға дайындау;

- бейіндік пәндерді тереңдетіп оқыту.

## **2. ШЖМ жағдайында қоғамдық-гуманитарлық цикл пәндерін тереңдетіп оқыту бойынша әдістемелік ұсынымдар**

Экономикадағы заманауи инновациялар, еңбек нарығындағы өзгерістер білім алушылардың жаңа идеялар мен ақпараттарды синтездеу үшін білімдері мен тәжірибелерін шығармашылық тұрғыдан қолдана білуін, мәселелерді шешу үшін жағдайды және ақпараттарды талдай және бағалай білуге мүмкіндік беретін дағдыларды меңгерулерінің қажет екенін көрсетіп отыр. Белсенділік, ынтазарлық, өзгерістерге дайын болу, коммуникативтілік сияқты адамның жеке басының қасиеттері қажеттілікке айналууда.

Шағын жинақты мектеп жағдайында баланың алдағы өмір жолындағы тұрақты бағдарын анықтайтын тұлғалық қасиеттерін қоғамдық-гуманитарлық бағыттағы кең ауқымды дағдылармен бірге дамыту, рухани құндылықтарын дамыту білім беруді ұйымдастыруда және оқу процесінің барысында қосымша күшейтілген жұмыстарды атқаруды талап етеді.

Оқыту мақсаттарының тілдік пәндер бойынша кең ауқымды келесі дағдылардың қалыптасқан жүйесі:

- білімдерін функционалды және шығармашылық деңгейде қолдану,
- сыни ойлау,
- зерттеу жұмыстарын жүргізу,
- ақпараттық-коммуникативтік технологияларды қолдану,
- әртүрлі коммуникативтік тәсілдерді қолдану,
- топта және жеке жұмыс істей білуі,
- мәселелерді шешу және шешім қабылдау, мұғалімнің оқыту әдістерін және оқу процессін ұйымдастыру нысандарын аса біліктілікпен, мұқият таңдауын талап етеді, себебі ШЖМ жағдайында біріктірілген сыныптар бар және сынып контингентінің шағындығын ескеру қажет.

Шағын жинақты мектеп жағдайында қоғамдық-гуманитарлық бағыттағы пәндерді тереңдетіп оқыту бойынша жұмыс жоспарларын әзірлеу барысында білім берудің жаңартылған мазмұндағы оқу бағдарламалары «шиыршық» принципі негізінде әзірленгенін ескеру қажет. Осы оқу бағдарламаларына сәйкес көптеген оқу мақсаттары мен тақырыптар белгілі бір академиялық оқу аралығы өткеннен кейін біртіндеп тереңдетіліп, күрделендіріліп және білім дағдыларының көлемі ұлғайтылып, қайталанып отырады. Сондықтан, бағдарламада бар тақырыптарды және материалдарды қайталамас үшін, оқу бағдарламаларының толық мазмұнымен алдын-ала танысу ұсынылады. ҚҒБ пәндері бойынша оқыту барысында болатын проблемалар мен қиындықтарды анықтау мақсатында білім алушылардың мектептегі білім сапасы мен үлгерімдерін (жеке сынып проблемаларын зерделеуге болады) талдау қажет.

Оқытудың интерактивті әдістерін қолдану білім беру процесінің барлық қатысушыларының ынтымақтастықтары, диалогтік және рефлексивтік технологиялар үшін алғышарттарды қалыптастырады, олар негізгі пәнмен терең байланыста білім алушылардың жобалық және зерттеу қызметтерін ұйымдастырумен ұштастықта, ҚҒБ пәндерін тереңдетіп оқыту бойынша

факультативтерді, элективтік курстарды тиімді ұйымдастыруға көмектеседі. Шағын жинақты мектеп жағдайында да білім алушылардың әртүрлі жастағы топтарында ҚГБ пәндерін тереңдетіп оқыту барысында білім, идеялар, жұмыс тәсілдерімен белсенді алмасуға мүмкіндік тудыратын инновациялық тәсілдерді іске асыруға болады.

Тілдік пәндерді оқыту мақсаты сөйлеу этикетінің ережесіне және тіл бірліктерін қолдану нормаларына сәйкес, тілдесу жағдаяттарына қарай тыңдалым, айтылым, оқылым және жазылым дағдыларын қалыптастыру болып табылады.

Бастауыш білім деңгейінде оқылған ақпарат бойынша диалог және монолог құруға, талдауға, синтездеуге, бағалауға, алынған ақпаратқа интерпретация жасауға, іздену арқылы зерттей отырып оқуға баулу, ҚГБ пәндерін одан әрі тереңдетіп оқытуда логикалық ойлау дағдыларын қалыптастырудың және дамытудың маңызды шарттары болып табылады.

Бастауыш мектеп деңгейінде тілдік пәндерді оқыту төменгі сынып оқушыларының келесі дағдыларының қалыптасуына ықпал етеді:

- ауызша сөйлеу тілінің және жазба тілінің коммуникативтік дағдыларын дамытуға;

- байланыстырып сөйлеу тілін (монолог, диалог, әңгімелесу) дамытуға;

- ұғынуын, дұрыс оқу, жүргізіп оқу, мәнерлеп оқуын дамытуға;

- шығармашылық қиялын дамытуға;

- жалпы адами құндылықтарды қалыптастыруға;

- дүниетанымының қалыптасуына;

- әртүрлі қарым-қатынас жағдайына бейімделе алу дағдысын дамытуға;

- сөз өнері құралдары арқылы баланың тұлғалық қалыптасуын дамытуға;

- адамзаттың рухани құндылықтар тәжірибесіне баулуға;

- оқу процесінде функционалды сауаттылық дағдыларын қалыптастыруға.

Толық комплектілі сыныптар мен біріктіріген сыныптарға қойылатын талаптар бірдей болатындығын ескерсек, шығармашылық деңгейдегі жұмысқа қабілетті оқырман-оқушыны қалыптастыру үшін, бастауыш мектептегі оқыту кезеңінде жетекші элемент ретінде әдебиеттік білім мазмұнын таңдау талабы орын алады. Сонымен қатар, мәтінді толыққанды меңгертуге, сөйлей алу және оқырмандық қабілет біліктіліктерін дамытуға бағытталған, белсенді тілдік қарым-қатынас орнатуға, оқуға, балаға шығармашылық тәжірибе беруге бағытталған жұмыс жүйесін таңдау ұсынылады. Әдебиетті оқу арқылы білім алушылар әлем және адамзат туралы тұтас білім алады, Қазақстанның және әлемнің басқа халықтарының тілі мен әдебиетінің құндылықтарын сезінеді, бұл өз кезегінде тұлғаның әлеуметтенуіне оң ықпал жасайды.

Негізгі мектепте тілдік пәндерді оқыту білім алушылардың коммуникативтік дағдыларын, әртүрлі пікірлесуге еркін қатысу, стилистикалық ресурстарды, әдеби тілдің негізгі нормаларын (орфоэпикалық, орфографиялық, лексикалық және грамматикалық) қолдану қабілеттерін дамыту және сөйлеу әдеби ережелерін меңгерту арқылы шығармашыл, белсенді тұлғаны дамытуды көздейді. Грамматикалық материал әдеби шығармалар мәтіндерінің негізінде лексикалық тақырыптар контекстінде оқытылады.



Тілге қарым-қатынас құралы, білім көзі, рухани-адамгершілік құндылықтар қоры, тіл капиталы ретінде саналы қарауға тәрбиелеу, баланың қоғамдық ортада сәтті әлеуметтенуіне мүмкіндік береді.

Әсіресе, сыни талдау, салыстыру, жалпылау, себеп-салдар байланысын және ұқсастығын анықтау, логикалық және сыни көзқарастарды айта білу, қорытынды жасай білу дағдыларын қалыптастыруға аса көп көңіл бөлу қажет. Себебі, осы аталған дағдылар ҚГБ пәндерін тереңдетіп оқытуда әртүрлі жанрлардағы шығармаларды терең талдауға, ақпаратты жалпылауға, зерделеуге, шығармаларды талдау негізінде қорытындылар жасауға мүмкіндік береді.

ҚГБ пәндерін оқытудағы оқу-тәрбие процесінің маңызды құрамдас бөлігі болып табылатын тарихи ілімдер тұлға, азамат және патриот болып қалыптасу мәселелерін шешеді. Тарихи сана қалыптастыру, ұлттық және жалпы адами құндылықтарды бойына сіңіру, сонымен қатар зерттеу, ой қорыту, коммуникативтік дағдыларын дамыту, білім алушыларға тарихтан терең білім беруді іске асыруға ықпал етеді. Шағын жинақты мектепте білім алушыларды ынталандыру мақсатында теориялық және практикалық тұрғыда терең зерделеуді қажет ететін кең ауқымды қызықты тақырыптарды таңдау, сонымен бірге сыныпаралық, мектепаралық сыныптан тыс іс-шараларды жоспарлау ұсынылады. Бұның өзі білім алушылардың шығармашылық қабілеттерін дамытуға, тарихи фактілерді талдау негізінде дәлелді ой-пікір айту дағдыларын дамытуға, тарихи зерттеу жүргізу дағдыларын дамытуға, өз ойын ауызша және жазбаша түрде нақты жеткізе білуге, командада жұмыс істей білуге, әртүрлі ақпарат көздерінің ақпараттарын, оның ішінде электронды құралдарды қолдана білуге ықпал етеді.

Сонымен қатар, тақырыптар аз ғана сұрақтармен шектелсе, онда оның мазмұнының негізгі пәнмен байланысы әлсіз болуы мүмкін. Мұндай жағдайлар білім алушылардың оқуға деген қызығушылығын жоймауы үшін, қосымша сабақтардың негізгі пән курсының мазмұнымен тығыз байланысын жоғалтып алмау қажет. ҚГБ пәндерін тереңдетіп оқыту курстарын егжей-тегжейлі сипаттап жатпай-ақ, олардың жалпы сипаттамаларын беруге болады:



Оқушылардың ауызша сөйлеу тілін және жазу сауатын дамыту бойынша жүргізілетін жұмыстар бала мектепке келген алғашқы күндерден жүйелі басталуы тиіс, ондағы мақсат шығармашылық белсенділікті арттыру, баланың өз бақылауы мен алған өзіндік әсерлерінің негізінде тілге деген қызығушылығын тудыру, бір сөзбен айтқанда, оқуға ынтасын қалыптастыру болып табылады. Ғылыми әдебиетті талдау және педагог-практик мамандардың үздік тәжірибелері көрсетіп отырғандай, оқытудың бастауыш деңгейінде тілдік, лингвистикалық, мәдениеттану, коммуникативтік құзіреттіліктерін сәтті қалыптастырудың негізгі шарттары келесі болып табылады:

- ойды айтқызу қажеттілігін туындату, сөйлеу қажеттілігі, өз ойларын және сезімдерін жеткізуге ниет таныту;

- баланың сөйлеуге құлшынысы болуымен қатар, өз ойын айтып жеткізе алатындай мазмұны маңызды негізінің болуы;

- балалардың нақты мәтін құрауға қажетті тілдік құралдарды меңгеруі, тілдік ортада қажеттілігіне қарай осы құралдарды іріктеп қолдана білуге қалыптастыру.

Ол үшін шағын жинақты мектеп жағдайындағы оқыту жүйесін қалыптастыруда әрбір білім алушының жеке қабілеттерін ескере отырып, оқу процесіндегі баланың орны мен оның эмоционалдық жайлылық жағдайын негізге алу ұсынылады. ҚГБ пәндерін тереңдетіп оқытуды ұйымдастыру барысында алған білімдерін стандартты емес жағдайда өз бетінше қолдана алу мүмкіндіктерін ескеру арқылы, сырттай ұқсас жағдайларды саралауға (дифференциациялау), оқығанын жіктей алуға (классификациялауға) нақты тапсырмалар қарастыру мақсатында ресурстарды тиінақты іріктеп алу қажет.

## ҚАЗАҚ ТІЛІ

Жаңартылған білім мазмұны ШЖМ жағдайында әртүрлі жастағы білім алушылардың нәтижеге қол жеткізуі үшін оқу іс-әрекетін ұйымдастыруда ерекше дамытушы педагогикалық орта құруды талап етеді, оның негізінде біріктірілген сынып білім алушыларының өзара тиімді оқу іс-қимылдарын және балалардың өз білімін жетілдіру идеясын жүзеге асыруға болады. Шағын жинақты мектеп өзінің білім беру әрекетінде келесі ұстанымдар мен тәсілдерді басшылыққа алады:

- білім алушылардың әртүрлі жаста екендігін ескеру;
- бір пәндік және бір тақырыптық ұстанымдарға негізделген кіріктіре оқыту сабақтарын ұйымдастыру;
- біріктірілген сыныптар үшін өзгермелі сабақ кестесін құрастыру;
- даралап және саралап оқыту;
- оқу процесінің технологиясы мен мазмұнын бейімдеу және вариативтілігі;
- білім алушылардың өздігінен білім алу қабілетін дамыту;
- тәрбие жұмыстарын ұйымдастыруда мәдени орталықтардан шалғай орналасқандығын ескеру;

- білім алушылардың оқу барысындағы бір-біріне өзара көмектесуі және ынтымақтастығы.

Өз кезегінде, түрлі жастағы топтарда сабақты ұйымдастыру келесі қағидаттарға негізделеді:

– түрлі жастағы білім алушыларды оқыту құралдарын, оқыту мазмұнын, тапсырмаларды кіріктіру және саралау;

– өзара оқыту;

– әртүрлі жастағы білім алушылардың өзара оқу іс-әрекеттерін басқару;

– балалардың психологиялық қорғанысын қамтамасыз ету;

– білім алушылар құрамының жас ерекшеліктік ауқымын оңтайландыру.

Білім алушылардың тиімді өзара әрекеттестігі үшін кеңес берілетін жас ерекшелік ауқымы – 3-4 жастан артық емес.

ШЖМ жағдайында біріктірілген сыныптарда жаңартылған оқу бағдарламасымен оқытуда сапалы білім беруге қол жеткізу, оқушының бойында жан-жақты оқу дағдыларын қалыптастыру педагогтың зор еңбегін талап ететін қиын жұмыс. Себебі, көбіне шығармашылық деңгейде берілген, талабы жоғары ауқымды тақырыптарды толық сынып комплектісіндегі мұғалім барлық сабақ барысына жоспарласа, біріктірілген сыныпта сол уақыт ішінде тағы сондай келесі сыныптың материалын қамту қажет.

4-сыныптан 5-сыныпқа көшкен оқушылардың жазу сауаттылығы мен сөйлеу дағдысының қалыптасуы ортаңғы буында жаңа оқу бағдарламасына көшкен 5-сыныптағы білім мазмұнына ілесуі үшін, оның қолданыстағы білім беру бағдарламасы ерекшеліктері аралығындағы біраз алшақтықтығын еңсеруге жұмыс жасауы қажет. Мысалы 5-сыныптың қазақ тілінде төрт дағды бойынша бір сабақтың барысында мәтін түрін, стилін, жанрын, негізгі ақпарат пен қосалқы ақпараттарды табу, сонымен бірге тілдік бағдар бойынша лексикалық, грамматикалық білім қосымша беріледі. Оқушылар күрделі тапсырмаларды орындауға мұғалімнің көмегімен ғана қол жеткізеді. Оқушылар көпке дейін өз ойын ашық айтуға, мәселені талдауға, өзгенің ойын тындауға, қандай да бір мәселені ауызша талдауға, өзгенің талдауын, талқылауын, ойын тындап қорытуда кейін қалып отырады.

Сондықтан ШЖМ оқушыларына оқу бағдарламасын сапалы меңгерту үшін қосымша мүмкіндіктерді қарастырған жөн. Бұл мақсатта вариативті сағат сандарының есебінен факультатив сабақтарын қарастыру тиімді болады.

Оқу сауаттылығын дамыту мақсатында ұйымдастырылатын қосымша сабақтарға келесі бағыттағы тақырыптар ұсынылады:

- оқу дағдыларын жетілдіру;

- мәнерлеп оқу;

- көркем жазу;

- сөйлеу шеберлігі;

- тілдік стиль.

«Қазақ тілі» пәнінен жаңартылған оқу бағдарламасының негізінде 5, 7-сынып, 6,8-сынып бойынша және «Қазақ әдебиеті» пәнінен 5,7-сынып үшін

факультативтік курсының үлгісіндегі тереңдетіп оқыту жобасы ұсынылып отыр.

Басты бағыт – негізгі тілдік дағдыларын дамытуға ықпал ететін коммуникативтік тәсілдерді ұстану. Білім алушылардың тыңдалым, айтылым, жазылым, оқылым дағдыларын дамыту арқылы функционалдық сауаттылығын арттырып, кез-келген ортада білімін өмірмен байланыстыра қолдана алуына мүмкіндік туғыз - бұл бағдарламаның басты қағидаты болып саналады. Ауылдық жердегі ШЖМ оқушыларының барлығы қазақы табиғи тілдік ортада өмір сүретіндіктен, мектепке олардың көптеген лексикалық сөз қорының іргетасы қаланып келеді. Әрі қарай балалардың білімін дамытып, жас ерекшеліктеріне қарай сапалық деңгейге өсіріп отыру - педагогтың міндеті.

«Рухани жаңғыру» мемлекеттік бағдарламасының бағыттарына сәйкес адамгершілік құндылықтар, ұлттық мәдени мұра, туған жер тақырыптарымен ұтымды байланыстыра білу, осылайша берілетін білім мазмұнының маңызын арттыру ұсынылады, соның нәтижесінде бала жанын рухани байыта алатынымызды ескеру қажет.

Тереңдетіп оқытудың аса тиімді тұсы, қазақ тілін үйретуде көркем мәтінді ұтымды пайдалануға болады. Сынып өскен сайын біртіндеп күрделендіріп, спиральді әдіс арқылы көркем мәтіндегі кейіпкерлер туралы және оқиғаларды талдауды күрделендіру жолымен сыни ойлау қабілетін дамыту міндетін шешуге жол аша аламыз. ШЖМ жағдайында бұл әдіс-тәсілдер пәнді қосымша тереңдету сабақтарында қазақ тілі мен әдебиетін кіріктіру арқылы іске асырылуы мүмкін, бұл баланың алатын тілдік білімінің сабақтастығы мен тұтастығын да қамтамасыз етеді.

Осы алғышарттар *«Қазақ тілі» пәнін тереңдетіп оқытудың келесі мақсаттарын* айқындайды:

- пәнге қызығушылығын арттыру;
- сауатты жазуға үйрету;
- тілдік талдау жасау біліктілігін арттыру;
- сөз байлығын дамыту;
- рухани құндылықтарды қалыптастыру.

*Аталған мақсаттардан келесі міндеттер туындайды:*

- білім алушылардың теориялық білімдерін тереңдету, жүйелеу;
- меңгерген білімдерін ауызша, жазбаша сөйлеу тілдерінде орынды қолдануға қалыптастыру;
- ақпаратты өңдеуге, талдауға, өзіне қажеттісін іріктеуге, құндылығы мен шынайылығын ажырата білуге үйрету;
- шығармашылық қабілеттерін дамыту;
- туған жерге деген патриоттық сезімін қалыптастыру;
- ұлттық құндылықтарды құрметтеуге тәрбиелеу.

Оқушылардың оқылым, жазылым, тыңдалым, айтылым дағдыларын жетілдіру мақсатында үлгі ретінде тапсырмалар ұсынылған. Тапсырмалар көбіне мәтін түрінде, жазбаша жұмыс, оның ішінде диктант түрлері, эссе жазу, визуалды тапсырмалар, аудио-видео материалдар түрінде мұғалімнің шеберлігіне қарай ұсынылады. Талдау-жинақтауға қатысты визуалды

көрнекіліктер арқылы тірек сызбалар ұсыну, «SWOT» талдауы, әртүрлі органайзерлер, күнделік жазу, жуан-жіңішке сұрақтарды ұйымдастыру, «Бестік диктант», қатесіз көшіру, эссе, күрделі және қарапайым жоспар құру, хат жазу, тезис, хабарлама, хабарландыру жазу тиімді тәсілдерге жатады.

Ақпарат ұсыну үшін үлгі тапсырмалар: бейнефильмдер, деректі фильмдер, аудиовизуалды тапсырмалар, мультфильмдер, тірек сөздер, көлемді мәтіндер, т.б.

Интерпретациялық үлгі тапсырмалар: әртүрлі жанрадағы, стильдегі мәтіндер, дұрыс- бұрыс мәтіндер, сын тұрғысынан ойлауды дамытатын жұмбақ суреттер, логикаға құрылған суреттер, сюжетті фотоколлаждар, көрме, т.б.

Оқушылардың жан-жақты танымдық білім-білік дағдыларын қалыптастыру үшін, қызығушылығын, белсенділігін арттыру үшін жеке жұмыс, жұптық жұмыс, ұжымдық жұмыс, шығармашылық жұмыс түрлерін ұйымдастыруға болады.

«Қазақ тілі» пәнін тереңдетіп оқытуға ұсынылатын бағдарлама үлгілері әр бөлімде толығымен қамтылмай қалған, оқушының меңгеруі қиын тапсырмалар, соның ішінде көбіне мәтін құрылымы, жанры, стилі, ондағы ой бөліктері, нақты ақпарат көздерін табу, талдау, салыстыру, жүйелеу, жинақтау, интерпретациялау, жоспарлау, іздену дағдыларын дамыту бойынша нақты педагогикалық тәсілдер мен стратегияларды қамту арқылы құрастырылған.

*5-сыныптарға «Қазақ тілі» пәнін тереңдетіп оқытуға ұсынылатын бағдарлама үлгісі:*

Оқу жоспарындағы бөлім атауы	Сөйлеу әрекеттерінің түрлері	Жетілдіру, тереңдетіп оқытуға ұсынылатын үлгі тапсырмалар
1-бөлім: Мәдениет: тіл және қарым-қатынас	Тыңдалым және айтылым	1.Мәтінді мұқият тыңдап, мәтін бойынша тірек сөздерді табу. 2.Тыңдалған мәтін бойынша жіңішке және жуан сұрақтар құрастыру.
	Оқылым	«Дұрыс-бұрыс» мәтінін ұсыну. Мәтіндерді салыстыру, редакциялау.
	Жазылым	Сюжетті суреттердің (фотосуреттер) желісі бойынша әңгіме құрастыру.
	Әдеби тіл нормалары	Көп нүктенің орнына тиісті дыбыстарды қойып, көшіріп жазу.
2-бөлім: Киіну.	Тыңдалым және айтылым	1.Сюжет желісіне «Бестік диктант» әдісі арқылы әңгіме бойынша негізгі ой, мәселелерді анықтау, жинақтау

Сән.Талғам.		2.Мәтінді мұқият тыңдап жіберілген сөздерді жазып, өлеңді толықтыру. Осы сөздердің мағынасын ашу, басқа мысал келтіру.
	Оқылым	«Сенің ойың қандай?» әдісі. Мәтін мазмұны бойынша жеңіл және қиын сұрақтар құрастырып, ой шеңберінде жауап алу.
	Жазылым	Берілген мәтіннен қате сөздерді тауып, орфографиялық сөздік арқылы редакциялау.
	Әдеби тіл нормалары	Мәтінді мұқият тыңдап, жіберілген сөздерді жазып, өлеңді толықтыру. қандай ықпал заңдылықтарға сәйкес екенін анықтау.
3-бөлім: Отбасылық дәстүрлер мен мерекелер	Тыңдалым және айтылым	1.Аудиовизуалды мәтінді тыңдап, көтерілген мәселе бойынша хабарлама жасау;  2.Аудиовизуалды мәтінді тыңдап, мәтінді кара сөзбен айту.
	Оқылым	1.Мәтінді оқып, «Тұжырымдамалық карта» әдісі арқылы кестені толтыру.
	Жазылым	«Қолжазба күнделігі» стратегиясы. Мәтінде берілген оқиғаға пікір жазу.
	Әдеби тіл нормалары	«Семантикалық карта толтыру» әдісі. Мәтіннен тура, ауыспалы және көпмағыналы сөздерді тауып, картаға дұрысын белгілеу.
4-бөлім: Жануарлар әлемі мен өсімдіктер дүниесі	Тыңдалым және айтылым	Мәтіннен алынған негізгі ақпаратты «Джигсо» әдісі арқылы түсініп, қолдану.
	Оқылым	Мәтінді оқып, өз идеясын постерге жазу, оны талқылап, идеямен бөлісу.
	Жазылым	«Көргеніңді жаз» әдісі. Абстрактілі суреттерді көру арқылы хабарландыру жазу.
	Әдеби тіл нормалары	1.Омоним, синоним, антоним сөздеріне мақал-мәтелдер ойдан жазу. 2.Омоним, синоним, антоним сөздер қатарын қолданып, «Бес минуттық»

		эссе жазу.
5-бөлім: Бос уақыт және хобби	Тыңдалым және айтылым	1.Аудиомәтінді тыңдау барысында маңызды, кілт сөздерді түртіп, жазып алу. Мәтін желісі бойынша ой қорыту.  2.Аудиомәтін желісін ойдан жалғастырып, әңгімелеу.
	Оқылым	Мәтінді түсініп, жоспар құрастыру, жанрлық ерекшеліктерін ажырату.
	Жазылым	Берілген комикс суреттер топтамасы бойынша жоспар құрастыру, оқиғаны сипаттау және суреттеп жазу.
	Әдеби тіл нормалары	«Кім жылдам» ойыны арқылы топтар арасында жұрнақ түрлерін бағандап жазу.
6-бөлім: Қиял әлемі	Тыңдалым және айтылым	Тыңдалған мәтін негізінде тірек сөздерді қолданып, монолог құрастыру.
	Оқылым	Көркем әдебиеттен қажетті ақпаратты оқып, сахналау.
	Жазылым	Сурет бойынша негізгі тірек сөздерді атап, мәтін құрастыру.
	Әдеби тіл нормалары	1.«Семантикалық карта» арқылы зат есімдердің мағыналық түрлерін ажырату.  2. Берілген зат есімдерді жалғау арқылы түрлендіріп, қиялдан ертегі жазу.
7-бөлім: Көлік және жол белгілері	Тыңдалым және айтылым	Мультфильмнің үнсіз нұсқасын түсіну, тірек сөздер мен жетекші сұрақтар құрастыру.
	Оқылым	Сюжет желісі бойынша қарапайым, күрделі жоспар құру.
	Жазылым	«Пирамида» әдісі. Суреттер желісі бойынша әңгіме құрастыру.
	Әдеби тіл нормалары	Тыңдалым мәтіні арқылы сан есімдердің түрлерін қолданып

		сөзжұмбақ, ребус құрастыру.
8-бөлім: Адамның сырт келбеті мен мінезі	Тыңдалым және айтылым	Мәтіннен эмоционалды сөздерді анықтау. «Лездеме» әдісі арқылы эмоционалды сөздерге түсінік беру.
	Оқылым	«Венн диаграммасы» әдісі. Екі мәтіннің мазмұнын, тақырыбын, тілдік құралын салыстыру.
	Жазылым	Мультфильм желісі бойынша қарапайым және күрделі жоспар құрастыру.
	Әдеби тіл нормалары	«Жасырын сөздер» әдісі арқылы тиісті сын есімдерді қойып, көшіру.
9-бөлім: Аспан әлемінің құпиялары	Тыңдалым және айтылым	Үнсіз бейнефильм, «Үштік» әдісі арқылы әңгімелесу.
	Оқылым	1. Мәтіннен қажетті ақпараттарды түртіп алу. 2. «Автор орындығы» әдісі арқылы сұрақ-жауап ұйымдастыру.
	Жазылым	Эмоционалды сөздерді қолданып, «Мен ғарышкер болсам...» тақырыбында жинақы мәтін жазу.
	Әдеби тіл нормалары	Көркем әдебиеттерден әңгіме желісіне төл сөз, төлеу сөз, автор сөзін қолданып, рөлдік ойын ұйымдастыру..
10-бөлім. Саяхат және демалыс.	Тыңдалым және айтылым	Тыңдалған мәтін бойынша «Кофе таяқшасы» әдісімен ақпарат алмасу, пікір қосу.
	Оқылым	«Қолжазба күнделігі» әдісі. Мәтінде берілген оқиғаның жанрлық ерекшеліктерін ажырату.
	Жазылым	Музыка әуенімен жазба стиль ерекшеліктерін сақтай отырып, таңдау бойынша кейіпкерге хат жазу.
	Әдеби тіл нормалары	Төл сөз, төлеу сөз, автор сөзін ескеріп, диалог құрастырып жазу.

Лексикалық тақырыптар оқушының белсенді сөздік қорын байытуға, алған білімін күнделікті өмірде қолдана алуға, өз ойын ашық, еркін жеткізе білуге мүмкіндік береді.



Оқу мақсаттарымен жұмыс жүргізу жолдары: Оқу жоспарында көрсетілген оқу мақсаттары оқушылардың айтылым, тыңдалым, жазылым, оқылым әрекеттерін қамти отырып, коммуникативтік дағдыларын сенімді қалыптастыруға, сол негізде 5-сыныпты аяқтағанда күтілетін нәтижеге қол жеткізуге бағытталған.

Лексикалық тақырыптар ретінде сұрыпталып іріктелінген мәтіндер мен оларға байланысты құрылған тапсырмалар шынайы өмірмен байланысты жағдаяттардан туындап немесе соған жуықталады. Сонымен қатар, оқу материалдарының мазмұны мен тапсырмалардың орындалу логикасы оқушылардың даму деңгейіне сай ойлау, түсіну ерекшеліктеріне сәйкес таңдалады.

*6-сыныптарға «Қазақ тілі» пәнін тереңдетіп оқытуға ұсынылатын бағдарлама үлгісі:*

Оқу жоспарындағы бөлім атауы	Сөйлеу әрекеттерінің түрлері	Жетілдіру, тереңдетіп оқытуға ұсынылатын үлгі тапсырмалар
1-бөлім: Қазақстандағы көрікті жерлер	Тыңдалым және айтылым	«Жұптық әңгіме» әдісі бойынша идеяларды талқылау.
	Оқылым	«Топтық тергеу» әдісі арқылы әңгімені талдау.
	Жазылым	Мәтіннен негізгі ойды анықтап, жинақы мәтін құрастыру.
	Әдеби тіл нормалары	«Сөйлемдерді толықтыр» әдісі. Мәтіннен жеке, бірге, бөлек және дефис арқылы жазылатын сөздерді теріп жазу.
2-бөлім: Ұлттық және отбасылық құндылықтар	Тыңдалым және айтылым	«Өзіңізді тексеріңіз» әдісі. Аудиовизуалды бейнефильмнен көтерілген мәселені, маңызды тірек сөздерді анықтау.
	Оқылым	«Айырмашылығы неде?» әдісі. Екі мәтіннің айырмашылықтарын анықтап, негізгі, нақтылау сұрақтар құрастыру.
	Жазылым	«Редакциялау» әдісі. Орфографиялық сөздікті қолдану арқылы мәтіннен қате берілген сөздерді тауып, оны түзету.
	Әдеби тіл нормалары	«Инсерт» әдісі. Екпіннің түрлерін (сөз екпіні, тіркес екпіні, логикалық екпін) ажырату.
3-бөлім:	Тыңдалым және айтылым	«SWOT» әдісі. Мәтіндегі ақпаратты шынайы өмірмен байланыстыру,

Әлемнің жеті кереметі.		салыстыру.
	Оқылым	«Идеал» стратегиясы арқылы мәтіннен негізгі және қосымша, детальді ақпаратты анықтау.
	Жазылым	«Келісу, келіспеу», позициялық көзқарасты талдаудан кейінгі ой қорыту. Эссе жазу.
	Әдеби тіл нормалары	Жеке сөздер, бірге, бөлек жазылатын сөздерді орфографиялық нормаға сай қолданып, мәтін жазу.
4-бөлім: Астана – мәдениет пен өнер ордасы	Тыңдалым және айтылым	«Ашық және жабық сұрақтар» әдісі арқылы тіркестер мен терминдерді орынды қолданып, диалогке қатысу.
	Оқылым	«Стикердегі диалог» әдісі. Комментарий жасау арқылы пікірлерін қорғау.
	Жазылым	Публицистикалық стильде жазылған мақала авторы көзқарасына «Келісу-келіспеу» эссесін жазу.
	Әдеби тіл нормалары	Неологизм, термин, диалект сөз, кәсіби сөздерді мәтіннен теру, «Семантикалық картаны» толтыру.
5-бөлім: Тарихи тұлғалар	Тыңдалым және айтылым	«Ыстық орындық» әдісі. Тыңдалған мәтін мазмұны бойынша өз ойын түйіндеу.
	Оқылым	«Тұжырымдамалық карта» әдісі. Энциклопедия, сөздік, газет-журналдардан қажетті ақпараттарды жинақтау.
	Жазылым	Тарихи тұлғаның қысқаша өмірбаянын жазу.
	Әдеби тіл нормалары	«Графикалық органиайзер». Мәтіннен көнерген сөз, эвфемизм, дисфемизм сөздердің мағынасын сызбаға түсіру.
6-бөлім: Су – тіршілік көзі. Қазақстандағы өзен-	Тыңдалым және айтылым	«Ақпаратты сүзу» органиайзерін қолданып, аудиовизуалды көрсетілімнен детальді ақпаратты сүзу.

көлдер	Оқылым	Мәтіннен негізгі және қосымша, детальді ақпараттарды сәйкестендіру.
	Жазылым	Ұсынылған тақырып бойынша деректер жинақтай отырып, графиктік мәтінді кесте түрінде құрастыру.
	Әдеби тіл нормалары	«Терме диктант» арқылы есімдіктерді теріп жазу.
7-бөлім: Спорт. Белгілі спорт жұлдыздары.	Тыңдалым және айтылым	«Бестік диктант» арқылы мәтіннен детальді ақпаратты беру.
	Оқылым	Мәтіннен негізгі және қосымша, детальді ақпаратты анықтау үшін «Ромб» жіктелімі.
	Жазылым	Мәтін бойынша қарапайым жоспар құру. Белгілі спорт жұлдызына мінездеме жазу.
	Әдеби тіл нормалары	Етістіктің түрлеріне сәйкестендіру тест.
8-бөлім: Қазақ халқының әдет-ғұрыптары мен салт-дәстүрлері. Наурыз	Тыңдалым және айтылым	«Жариялау» әдісі. Наурыз мейрамына байланысты ресми, әлеуметтік қатынаста құттықтау түрлерін жариялау.
	Оқылым	«Себеп-салдарлық диаграмма» графикалық органайзер арқылы тақырыпқа сай қосымша ақпарат көздерін анықтау.
	Жазылым	«Редакциялау» әдісі. Мәтіндегі орфографиялық және пунктуациялық қателерді сөздіктерге, емле ережелеріне сүйеніп, түзету.
	Әдеби тіл нормалары	Үстеудің мағыналық түрлерін қолданып диалогке қатысу.
9-бөлім: Әлемдегі ірі кітапханалар	Тыңдалым және айтылым	Мәтінмен жұмыс. «ТВ шоу» бағдарламасын ұйымдастыру. Әлеуметтік-мәдени, ресми-іскери тақырыптарға байланысты «Кезбе тілші» әдісі арқылы интервью жүргізу.
	Оқылым	«Джигсо» әдісі. Ауызекі және ресми стильдегі мәтіндердің тақырыбын

		анықтау, мазмұнын, тілдік ерекшелігін салыстыру.
	Жазылым	«Эвристикалық» әдіс. Мәтіннен кілт сөздерді теріп жазу, кілт сөздерден жинақы мәтін құрастыру.
	Әдеби тіл нормалары	Синонимдік қатарларды қолданып сипаттама жазу.
10-бөлім. Ғылым мен технология жетістіктері	Тыңдалым және айтылым	«Кезбе тілші» әдісін қолданып, әлеуметтік-мәдени, ресми-іскери тақырыпқа диалог құру.
	Оқылым	«Ромбтық жіктелім» графикалық органайзерге маңызды мәселелерді енгізу.
	Жазылым	Ақпарат көзінен алынған тақырыптық материалды зерделеу. Соңында эссе жазу.
	Әдеби тіл нормалары	«Қара-жаз-айт-жаз-тексер» стратегиясы арқылы берілген сөйлемдердің тиісті тыныс белгілерін қойып көшіру.

*7-сыныптарға «Қазақ тілі» пәнін тереңдетіп оқытуға ұсынылатын бағдарлама үлгісі:*

Оқу жоспарындағы бөлім атауы	Сөйлеу әрекеттерінің түрлері	Жетілдіру, тереңдетіп оқытуға ұсынылатын үлгі тапсырмалар
1-бөлім: Ауа райы және климаттық өзгерістер	Тыңдалым және айтылым	«Климат неге өзгеріске ұшырап жатыр?» деген сұрақ төңірегінде климаттың өзгеруіне әсер ететін жағдаяттарға байланысты суреттер топтамасын көрсету арқылы сөз талқы ұйымдастыру.
	Оқылым	Проблемалық сұрақтарға тыңдалған мәтіннен деректер келтіре отырып, дәлелді жауап беру, өз жауабын өзгенің жауабымен салыстыру, талқылау.
	Жазылым	Тыңдалған мәтін бойынша жеке-жеке сұрақтар құрастырып жұпта салыстыру. Климаттық өзгерістер туралы өз пікірін жазу.
	Әдеби тіл нормалары	«Сыр сандық» әдісі арқылы мәтіннен тұйық етістіктерді қызметіне қарай талдап жазу.
2-бөлім:	Тыңдалым және	Көшпенділер мәдениеті туралы мәтінді тыңдай отыра: «мен -саған, сен - маған» әдісін

Көшпенділер мәдениеті	айтылым	қолдана отырып сұрақтар қою.
	Оқылым	Жұппен жұмыс әдісі арқылы оқулықтағы мәтінді бір-біріне баяндау.
	Жазылым	«Заманау киімдерді ұлттық нақышта шығарса, сатып алар ма едіңіздер?» Тақырып төңірегінде шағын мәтін жазу.
	Әдеби тіл нормалары	Жалғаулар мен шылауларды қатыстыра отырып, «Көшпенділер мәдениеті» тақырыбына эссе жазу.
3-бөлім: Денсаулық – зор байлық	Тыңдалым және айтылым	Мәтінді тыңдай отыра «Кофе араластырғыш таяқшалар» әдісімен сұрақтарға жауап беру.
	Оқылым	Мәтіннен тірек сөздерді анықтау. Мәтін мазмұнына болжам жасап, салыстыру.
	Жазылым	Берілген тақырып бойынша 7-8 мақал-мәтелдер жазу.
	Әдеби тіл нормалары	«Ас –адамның арқауы» тақырыбында фразеологизм, мақал-мәтелдерді қолданып мәтін жазу.
4-бөлім: Сүйіспеншілік пен достық	Тыңдалым және айтылым	«Үштік» әдісі арқылы түртіп алып, өз пікірін айту.
	Оқылым	«SWOT- талдау» әдісімен белгілі бір мәселені ойлау, талдау, салыстыру.
	Жазылым	«Еркін әңгіме» әдісімен «Достық неден басталады?» тақырыбында эссе жазу.
	Әдеби тіл нормалары	Берілген мәтіндерден етістіктің есімше, көсемше түрлерін анықтау.
5-бөлім: Музыка өнері және қазақтың киелі домбырасы	Тыңдалым және айтылым	«Буклет» әдісі арқылы алған білімдерін жинақтау.
	Оқылым	Тақырып бойынша негізгі идеяларды жинақтап, саралау.
	Жазылым	Қазақтың өнер саңлақтары туралы кестені толтыру.
	Әдеби тіл нормалары	Етістіктің шақ, рай түрлерін қатыстыра отырып «Қазақтың киелі домбырасы» туралы мәтін жазу.
6-бөлім: Ғаламтор және әлеуметтік	Тыңдалым және айтылым	Берілген мәлімет бойынша өздері сұрақ қойып, жауабын топтық жұмыста талқылау, қорытындыға келу.

желілер	Оқылым	Мәтін үзінділерін тыңдап, оқиғаның дамуы мен аяқталуына болжау жасау.
	Жазылым	«Сұраққа жетіп ал» әдісі «Ғаламтордың пайдасы мен зияны қандай?»
	Әдеби тіл нормалары	«Жасырын сөздер» ойыны арқылы берілген мәтінге керекті шылауларды қойып жазу.
7-бөлім: Қазақстандағы ұлттар достастығы	Тыңдалым және айтылым	«Стикердегі диалог» әдісі арқылы жұпта оқып, талқылау.
	Оқылым	«Ойлан,жұптас,бөліс» әдісімен мәтінді оқып, негізі ойды табу.
	Жазылым	«6 неліктен?» әдісімен «Ұлттар достығы-басты байлығымыз»тақырыбында диалог жазу.
	Әдеби тіл нормалары	Сөйлемдерден еліктеу сөздерді тауып, олардың қызметін (сындық, амалдық,қимылдық) анықтау.
8-бөлім: Дұрыс тамақтану. Гендік өзгеріске ұшыраған тағамдар	Тыңдалым және айтылым	«Миға шабуыл» әдісімен ақпарат (мәлімет, проблема, сұрақ) туралы бар білгендерін жеткізу.
	Оқылым	Берілген өлең жолдарын пайдаланып, сұхбат құру.
	Жазылым	Мәтінді өз көзқарасы бойынша дамытып жазу.
	Әдеби тіл нормалары	Одағайды қатыстырып дұрыс тамақтанудың алты ережесін жазу.
9-бөлім: Жеңіс күні. Ұлы ерлікке тағзым	Тыңдалым және айтылым	«Ақылдың алты ойлау қалпағы» бойынша сыни тұрғыдан ойлауын дамыту
	Оқылым	Мұқағали Мақатаевтың «Соғыстың соңғы көктемі» өлеңін тыңдап, алған әсерлерімен ой бөлісу.
	Жазылым	Мәншүк Мәметованың еңбек жолына хронологиялық кесте құру.
	Әдеби тіл нормалары	Оқшау сөздерді қатыстырып, «Өрмекші» әдісімен бірнеше сөйлем жазу.
10-бөлім. Ғылыми фантастика	Тыңдалым және айтылым	«Кейс – стади» әдісімен жағдаятты талдау, болжау.
	Оқылым	Мәтінді оқи отыра стилі, тақырыбы, құрылымы, тілдік ерекшеліктерін дәлелдеу.

	Жазылым	«Кинометафора» әдісімен берілген мәтінді өзінің логикалық ойлау қабілеті бойынша жазу.
	Әдеби тіл нормасы	«Ашық микрофон» әдісі бойынша тырнақша қойылатын бірнеше мысалдар жылдам әрі тұжырымды ойлап жазу.

Қазақ тілін қазақ мектебінде ана тілі ретінде дәстүрлі оқытуда грамматиканы «тіл формасынан тіл мазмұнына қарай жүрумен» оқытып келсе, грамматиканы функционалдық оқытуда «тіл бірлігінің қызметінен оның формасына қарай жүру» логикасына қарай өзгерді. Бір жағынан, нақты мәнмәтінде, мәтінде қандай грамматикалық құралдар қатысып тұрғанын көрсету мақсаты көзделінсе, екінші жағынан, грамматикалық тәсілдер тобы арқылы берілетін семантикалық функцияларды талдау мен жинақтау көзделеді.

Грамматикалық бірліктердің мәтінді құруға қатысуда қандай функционалдық мағыналық қызмет атқарғанын таныту, грамматикалық дағдыларды қалыптастыру бірізділігін сақтау, оның білдіретін мағыналық қызметімен тығыз байланыста оқыту ұсынылады.

*8-сыныптарға «Қазақ тілі» пәнін тереңдетіп оқытуға ұсынылатын бағдарлама үлгісі:*

Оқу жоспарындағы бөлім атауы	Сөйлеу әрекеттерінің түрлері	Жетілдіру, тереңдетіп оқытуға ұсынылатын үлгі тапсырмалар
1-бөлім: Көне түркі жазбалары және қазақ жазуы	Тыңдалым және айтылым	«Сұхбат» әдісі арқылы тыңдалған мәтін бойынша топпен ашық-жабық, жуан-жіңішке сұрақтар ұйымдастыру.
	Оқылым	«Сканерлеп оқу» әдісі арқылы берілген мақаланы оқу, тірек сөздерді теріп жазу.
	Жазылым	«Ақпарат сүзу» әдісімен мәтіннің маңызды ақпараттарды табу. Әр бөлігінен алынған маңызды ақпараттардан (аннотация) жазу.
	Әдеби тіл нормасы	“3 таяқша” әдісімен грамматикалық нормаға сай анықтауыштық, жетек сұрақ түрлері және құрмалас сөйлемдерді қолдану. 1 сұрақ... 1 жауап... 1 идея...
2-бөлім: Адамзаттық құндылықтар	Тыңдалым және айтылым	Аудиовизуалды мәтін. Өмірден алынған шағын фильмнен кейіпкерлердің қолданған экспрессивті-эмоционалды сөздерін табу.

және әлем мәдениеті		«Т» кестесі стратегиясы бойынша экспресивті-эмоционалды сөздерді тізу.
	Оқылым	«Жариялау» әдісімен 3 топ арасында мәтін түрлерін бөліп беру. (әңгімелеу, сипаттау, талқылау). «Конверт сұрақ» әдісі арқылы білімді бекіту.
	Жазылым	«Төрттік» әдіспен тезистік жоспар құру.
	Әдеби тіл нормасы	Жұптық жұмыс. Абайдың тандау бойынша қара сөзіне, «Көзімнің қарасы» әніне интонацияның құрамдас бөліктеріне: әуен, әуез, тембр, қарқын, кідірісті сөйлеу мәнеріне өлеңді мәнерлеп оқу ұйымдастыру.
3-бөлім: Кәсіп пен еңбек. Болашақ мамандықтары	Тыңдалым және айтылым	«Стоп кадр» әдісі арқылы фильмнен үзінділер көрсетіп ой тұжырымдау. «5-5-5» әдісі арқылы ой жинақтау.
	Оқылым	«Көрме» әдісі арқылы берілген мәтін мазмұны бойынша суреттерді реттеу, бағалау. «Жәрменке» арқылы сатып алу ұйымдастыру.
	Жазылым	«Ой шақыру» стратегиясы: тірек, кілт сөздер. «Менің ойымша, ең қиын мамандық...» аргументативті эссе жазу.
	Әдеби тіл нормасы	Шағын топтар арасында алдын-ала дайындалған «Мақалдың жалғасын тап» ойынын ұйымдастыру. Сөздік қорды жетілдіру. «1 минут» әдісін қолданып мүдірмей жатқа мақал айту.
4-бөлім: Ғарышты игеру жетістіктері	Тыңдалым және айтылым	Дереккөздермен жұмыс. Топтық жұмыс. «Марста тіршілік бар немесе жоқ» тақырыпқа дебат ұйымдастыру. Әр топқа 7 минут уақыт.
	Оқылым	«Теріп алу» стратегиясы. Мәтін бөліктерінен маңызды, қосалқы ақпарат көздерін жазып алу.
	Жазылым	Топтық жұмыс. Ғарышқа байланысты ресурстар мен ғаламтормен жұмыс. 1-топ аннотация, 2-топ тезис құрап жазу.
	Әдеби тіл нормасы	«Сүзгіден өткізу» органиайзері. Сөз тіркесінің байланысу тәсілдері мен түрлері. Есімді, етістікті сөз тіркестерін ажыратуға сәйкестендіру тесті.
5-бөлім: Биоалуан түрлілік. Қызыл	Тыңдалым және айтылым	«Ақпарат сүзу» органиайзері. 1-топ: Негізгі ақпарат көзі. 2-топ: Қосалқы ақпарат көзі. «Ақпарат алмасу» әдісі.



кітапқа енген жануарлар мен өсімдіктер	Оқылым	«Әйлер шеңбері» орғайзері арқылы екі ақпараттарды салыстыру.
	Жазылым	«Бестік диктант» әдісі арқылы мақала жазу. Қызыл кітап бойынша «Құндылық сызығы» стратегиясын қолдану.
	Әдеби тіл нормасы	Жұптық жұмыс. Мәтіндегі сөйлем мүшелеріне сатылай кешенді талдау. «Егжей-тегжей тексеру» стратегиясы арқылы түзету жұмысы.
Орыс тілінде оқытатын мектептегі «Қазақ тілі және әдебиет» пәнінің 5-ші сынып оқулығындағы оқылымға берілген мәтіндер бойынша тапсырмаларды күрделендіру ұсынылады. Шағын жинақты мектеп жағдайында мұғалімдер көбінесе сұрақтарға жауап беру, сәйкестендіру, диалог құрастыру, сөз тіркестерімен жұмыс тапсырмаларымен шектеледі. Оның бір себебі уақыт тығыздығына байланысты деп айтуға болады. Сондықтан мұғалім сын тұрғысынан ойлай алатын оқушыны тәрбиелеу үшін тапсырмаларды толықтырып, жетілдіріп отыруына болады.

Оқылым дағдыларын қалыптастыру және дамыту үшін келесі ұсыныстарды:

- мәтіндегі лексикалық минимумды меңгерудегі стратегиялар мен техникаларды жетілдіруді;
- оқылым мәтіндеріндегі кездесетін тұрақты сөз тіркестері мен мақал-мәтелдерді орынды пайдалануды;
- оқушылардың коммуникативтік дағдыларын қалыптастыруда арнайы тапсырмалар, стратегиялар мен техникаларды ұсынуды назарға алуға кеңес беріледі.

ШЖМ ерекшелігіне сәйкес жазылым дағдысын дамытуда тақырыпты ашу үшін, грамматикалық сауаттылықты қалыптастырып, өз ойын сын тұрғысынан дәлелдеуді үйрету үшін біріктірілген сыныптарда тапсырмаларды түрлендіру, уақытты үнемді пайдалануды алдын ала жоспарлау қажет. Себебі жазылым дағдыларының мазмұны: шығармашылық бағыттағы сипаттау, баяндау (шағын әңгіме, эссе, қойылым сценарийі) және белгілі бір аудиторияға бағытталған дәлелді мәтіндер (үндеу хат, пікір, мақала, жарнама) жазу, әңгіме, шығарма, эссе жазу, хат жазу, қорытынды шешім шығару, өз көзқарасын білдіру, цитатамен жұмыс ШЖМ жағдайында уақыт көлеміне лайықтап арнайы жоспарлауды қажет етеді. Ол жазылым түрлерінің құрылымына және мақсаты мен шешуі тиіс міндеттеріне байланысты болуы керек. «Қазақ тілі және әдебиет» пәнінен оқушылардың білімін тереңдету үшін мұғалім жазылымның барлық қадамдарымен жұмыс жасауды қамтамасыз етіп, жазылым үрдісіне қол жеткізуі тиіс. Бұл оқушыларға жазылымның әртүрлі аспектілерімен әртүрлі уақытта жұмыс жасай білуге дағдыландырады. Мысалы, жоспарлау кезеңінде идеяларды ойлап табады және ұйымдастырады, алғашқы нұсқасын жазу кезеңінде өз ойларын жеткізу үшін қажетті сөздерді, сөйлем құрылымдарын іздейді, түзету және тексеру кезеңінде жазылымның ұйымдастырылуы, сауаттылығы, ондағы идеяларды бағалауға, яғни өз жұмысының артықшылығы мен кемшіліктері туралы ойлануға мүмкіндік береді.

Жазылымды толық орындату үшін ұсынылатын қадамдар:

- мазмұнды анықтау;
- ойды жеткізуді жоспарлау;
- жобасын жазып көру;
- түзету және толықтыру;
- тексеру;
- соңғы нұсқасын жазу.
-

*«Қазақ тілі және әдебиет» пәнінен 5-сыныпқа арналған ұзақ мерзімді жоспар бойынша жазылым дағдысын жетілдіру нұсқасы:*

<b>Оқу бағдарламасы бойынша тақырыптар</b>	<b>Жазылым бойынша оқу мақсаттары</b>	<b>Жетілдіру бойынша тапсырмалар</b>
Отбасындағы дәстүрлер мен мерекелер	Ж2 Эссе құрылымын сақтай отырып, адамды, табиғатты, белгілі бір оқиғаны сипаттап жазу	Анасына ашықхат дайындау
Мектеп өмірі. Әдепті бала - арлы бала	Ж4 Мәліметтерді жинақтай отырып, тақырып бойынша постер жасау	Газет - журналға мақала жазу
Қазақстандағы жан-жануарлар мен өсімдіктер әлемі. Жан-жануарлар туралы ертегілер, жұмбақтар	Ж1 Ресми стильдің тілдік ерекшеліктері мен талаптарын дұрыс қолдана отырып, хабарлама, хабарландыру, хат жазу.	Қойылым сценариін жазу
Ежелгі көшпелілер мәдениеті. Тұмар ханшайым туралы аңыз.	Ж1.Ресми стильдің тілдік ерекшеліктері мен талаптарын дұрыс қолдана отырып, хабарлама, хабарландыру, хат жазу	Кир мен Тұмардың диалогын жазу
Су-тіршілік көзі	Ж2 Эссе құрылымын сақтай отырып, адамды, табиғатты, белгілі бір оқиғаны сипаттап жазу  Ж4 Мәліметтерді жинақтай отырып, тақырып бойынша постер жасау	«Сосновый бор» минералды суына жарнама мәтінін жазу
Әлемдегі ірі кітапханалар	Ж5 Жазба жұмыстарында жалғаулардың ерекшелігін ескеріп, үндестік заңына сәйкес орфографиялық нормаға сай дұрыс жазу; сөйлем соңында қойылатын тыныс белгілерді орынды қолдану	Облыстық кітапханаға жарнама жазу
Денсаулық – зор байлық	Ж2 Эссе құрылымын сақтай отырып, адамды, табиғатты, белгілі бір оқиғаны сипаттап жазу	Дәрумендерге медициналық қызметкер атынан пікір жазу
Менің Тәуелсіз Қазақстаным. Қ.Сарин. «Тәуелсіздік» өлеңі	Ж1 Ресми стильдің тілдік ерекшеліктері мен талаптарын дұрыс қолдана отырып, хабарлама,	Шағын өлең жодарын жазу (синквейн)

	хабарландыру, хат жазу	
Аспан әлемінің құпиялары	Ж3 Жазба жұмыстарында сипаттау, бейнелеу құралдарын қолданып жазу	Аспан әлемінің бір денесіне сипаттама жазу
Компьютердің тілін табу	Ж4 Мәліметтерді жинақтай отырып, тақырып бойынша постер жасау	Сөйлемдерді аяқтау. Мен .....келісемін. Мен .....келіспеймін.
Қазақстандағы ұлттар достастығы. Бір атаның балалары. М.Мағауин. «Бір атаның балалары»	Ж 2 Эссе құрылымын сақтай отырып, адамды, табиғатты, белгілі бір оқиғаны сипаттап жазу Ж4 Мәліметтерді жинақтай отырып, тақырып бойынша постер жасау	Зекен Ахметұлына хат жазу
Ұлы дала табиғаты	Ж1 Ресми стильдің тілдік ерекшеліктері мен талаптарын дұрыс қолдана отырып, хабарлама, хабарландыру, хат жазу Ж3 Жазба жұмыстарында сипаттау, бейнелеу құралдарын қолданып жазу	География пәнімен кіріктірілген сабақ ұйымдастырып, «Менің жазғы саяхатым» тақырыбына туристік маршрут жасау
Ер есімі – ел есінде. Ғ.Мүсіреповтың «Қазақ солдаты» романы (үзінді)	Ж5 Жазба жұмыстарында жалғаулардың ерекшелігін ескеріп, үндестік заңына сәйкес орфографиялық нормаға сай дұрыс жазу; сөйлем соңында қойылатын тыныс белгілерді орынды қолдану	«Жауынгерге хат» жазу

*Тілдік дағдыларды дамыту мен жетілдірудегі тақырыптар мен тапсырмалар:*

<b>Оқу бағдарламасы бойынша тақырыптар</b>	<b>Оқулық бойынша берілетін грамматикалық минимумдар</b>	<b>Жетілдіру бойынша грамматикадан берілетін тапсырмалар</b>
«Отбасындағы дәстүрлер мен мерекелер»	Мәтіндерден жалпы және жалқы есімдерді ажырата білу, жалғау түрлерін дұрыс жалғау	Зат есімнің түрленуі бойынша тапсырмалар орындау. Сөз құрамына талдау.
«Мектеп өмірі. Әдепті бала - арлы бала»	Лексикалық мағынасы жағынан заттың түрін, түсін сапасын білдіретін сын есімдерді ажырата білу, жазба, ауызша жұмыстарда қолдану	Сын есімнің шырайларын ажыратуға тапсырмалар ұсыну.

«Қазақстандағы жан-жануарлар мен өсімдіктер әлемі. Жан-жануарлар туралы ертегілер, жұмбақтар»	Сын есім. Жіктік жалғау. Етістік. Септік жалғау.	Жалғау түрлерін ажыратуда деңгейлік тапсырмалар орындалу.
«Ежелгі көшпелілер мәдениеті. Тұмар ханшайым туралы аңыз»	Есімдік. Синоним. Антоним. Сын есім. Жіктеу, сілтеу, сұрау есімдіктерін жазба, ауызша жұмыстарда орынды қолдану	Есімдіктің түрлерін ажырату.
«Су-тіршілік көзі»	Сын есім. Зат есім. Сан есім. Сан есім (бірліктер, ондықтар, жүз, мың) атауларын білу, орынды қолдану	Сан есімнің мағыналық түрлерін ажыратуға тапсырмалар орындалу.
«Әлемдегі ірі кітапханалар»	Болымды, болымсыз етістіктер.	Етістіктің мағыналық түрлерін ажыратуға тапсырмалар орындалу.
«Денсаулық – зор байлық»	Мекен және мезгіл үстеулерді ауызша және жазба жұмыстарды орынды қолдану	Үстеуге морфологиялық талдауға тапсырмалар орындалу.
«Менің Тәуелсіз Қазақстаным. Қ.Сарин. «Тәуелсіздік» өлеңі»	Лексикалық мағынасы жағынан заттың түрін, түсін, сапасын білдіретін сын есімдерді ажырата білу, жазба, ауызша жұмыстарда қолдану	Сөз таптарын ажырату үшін семантикалық картамен жұмыс жасау.
«Аспан әлемінің құпиялары»	Лексикалық мағынасы жағынан заттың түрін, түсін, сапасын білдіретін сын есімдерді ажырата білу, жазба, ауызша жұмыстарда қолдану	Сын есім бойынша шырайларды тексеру мақсатында кесте толтырту.
«Компьютердің тілін табу»	Ыңғайластық қатынасты білдіретін және қарсылықтық қатынасты білдіретін жалғаулықтардың қызметін білу, ауызша және жазба жұмыстарда орынды қолдану	Жалғаулықтардың түрлерін айыру мақсатында тапсырмалар орындалу.
«Қазақстандағы ұлттар достастығы. Бір атаның балалары. М.Мағауин. «Бір атаның балалары»	Болымды, болымсыз етістіктерді ауызша және жазба жұмыстарда орынды қолдану	Болымды және болымсыз етістікті пайдалануға бағытталған тапсырмалар.
«Ұлы дала табиғаты»	Болымды, болымсыз етістіктерді ауызша және жазба жұмыстарда орынды қолдану	Болымсыз етістіктен болымды етістік жасау.
«Ер есімі – ел есінде. Ғ.Мүсіреповтың «Қазақ солдаты» романы»	Жіктеу, сілтеу, сұрау есімдіктерін жазба, ауызша жұмыстарда орынды қолдану	Есімдіктерді сөйлем құрастыруда қолдануға дағдыландыру, сұрақтар құрастыру.

## Тарих

Гуманитарлық және әлеуметтік-экономикалық ғылымдар жүйесінде тарих маңызды орын алады. Тарихты білу, өз халқыңның және мемлекетіңнің

тарихын білу, өз мемлекетінің әлемдік тарихи процестердегі орнын анықтауға, әлемдік жаһандандудың дамуына өз халқының қосқан үлесін бағалауға көмектеседі, бұл өз кезегінде біздің мемлекетіміздің дүние жүзі тарихындағы өміршеңдігінің кепілі болып табылады. Туған жердің тарихын білу ұлттық болмысқа тән сезім, ұлттық намыс, өз еліміз үшін мақтаныш сезімін тудырады, белсенді азаматтық ұстанымды қалыптастырады, адамның өзін-өзі дамытуына және Отаны үшін қызмет ету жолында болуы тиіс адамгершілік қасиеттерін ашуға көмектеседі.

«Қазақстан тарихы» және «Дүние жүзі тарихы» пәндерінен тереңдетіп білім беретін ШЖМ сыныптарында оқытуды сәтті ұйымдастыру үшін ресурстардың болуы маңызды: баламалы оқулықтар, ғылыми-танымал кітап сериялары, электронды оқу құралы, кешенді оқу-әдістемелік құралдар, сандық білім ресурстары.

Типтік оқу жоспарының вариативті бөлімінің сағат саны пәндерді тереңдетіп оқытуды ерте кезеңнен, білім алудың негізгі деңгейіне ауысу кезеңінде, білім алушылар өздерінің қызығушылықтары мен қабілеттеріне сәйкес келетін әрекет түрін іздеуде белсенділік танытатын уақыттан бастап пайдалану мүмкіндігін қарастырады.

Білімді одан әрі кеңейту және тереңдету үшін жобалық жұмысты ұйымдастыруды немесе өзіндік жұмысты қолдануға болады. Жобалық жұмыс элективті курстар шеңберінде үлкен маңызға ие болады. Жобаның тақырыбын білім алушы және мұғалім анықтайды.

Тереңдетілген курстың жұмыс бағдарламасының құрылымы оқу материалдарының ішкі байланысын анықтайды. Құрылымын таңдау кезінде оқу мақсаттарын, оқыту деңгейіне қойылатын талаптарды, алатын білімдерінің мазмұны мен сипатын, сондай-ақ ШЖМ-нің ерекшеліктерін ескереді.

Тереңдетілген факультатив курсының мазмұнын таңдау кезінде білім салаларының интеграциясына (өзін-өзі тану, география, музыка, қазақ және орыс әдебиеті) ерекше көңіл бөлу ұсынылады. Пәндер арасындағы әлсіз байланыс әлемді танудың тұтастығын қалыптастыруда қиындық туғызады.

Интеграция білім беру процесін жандандырады, материалды оқуда қайталанудың болмауының алдын алады, оқу уақытын үнемдейді, шаршауды жеңілдетеді, ой қызметін болашаққа бағдарлайды және оқу үшін қолайлы жағдайлар жасайды. Сонымен қатар, ол оқушылардың білімінің ғылыми деңгейін көтеруге, логикалық ойлауын дамытуға және олардың шығармашылық қабілеттерін арттыруға ықпал етеді.

ШЖМ жағдайында да жоғарғы сыныпта «Қазақстан тарихы», «Дүние жүзі тарихы» пәндерін тереңдетіп оқытуды ұйымдастыру үшін авторлық курстарды таңдауға болады, олардың құрылымы және мазмұны нақты мүмкіндіктерге байланысты вариативті негізде алынады. Кез келген білім жобасы сияқты, ол келесі кезеңдерден өтеді: жобаның идеясы, жүзеге асыру процесі, іске асыру нәтижесі, келешектегі дамыту бағыты. Оқу бағдарламасының құрамына берілетін курстың мақсаты мен міндеттері көрсетіліп жазылған түсініктеме хат, оқу-тәрбие процесін ұйымдастырудың концептуалдық тәсілдемесі, ұсынылатын оқыту әдістері мен формалары кіреді.



Бағдарлама курстың жүйелі берілген мазмұнын, жүзеге асыруға қажетті мерзім шамасын, білім алушылардың курсты меңгергеннен кейінгі нәтиже болжамын, көрнекілік пен оқу құралдырының тізбесін, ұсынылатын әдебиеттер тізімін құрайды.

Интеграциялық үрдістің дамуына байланысты әлемге тарихи-мәдени құндылықтарды білетін, адамгершілігі мол, бәсекеге қабілетті тұлға керек. Мұғалімнің міндеті тарихи талдаудың негізінде, тарихи қозғалыстың бірегей ағынына тиесілі осы құндылықтарды меңгеруге көмектесу. Мектептегі тарихтан білім беру, оқушының тәрбиесіне және дамуына қажетті аса маңызды тарихи деректерді, оқиғаларды, құбылыстарды, процестер мен ғылыми түсініктерді іріктейді.

Мұғалімнің міндеті шағын жинақты мектеп оқушылары өздерінің қабілеттерін, шығармашылдығын, танымдық мүмкіндіктерін оқу барысында іске асыра алатындай жағдай туғызу болып табылады. Оқушылардың білімін тәжірибеге бағытталған жұмыстар арқылы, зерттеу дағдыларын дамыту арқылы тереңдету үшін қосымша жұмыс бағытын қосу ұсынылады.

Факультатив сабақтары және элективті курстардың жұмыс жоспарын жасау кезінде мұғалімдерге балалардың бастауыш сыныптарда дүниетану пәнінің аясында тарихи түсініктермен (ру, тайпа, халық, мемлекет, және т.б.) танысатынын ескеру қажет. Сонымен қатар, қазіргі білім беру мазмұнының жаңаруына байланысты оқыту әдістері мен формаларына өзгерістер енді, «шиыршықты тәсіл» жүйесі бойынша оқушы кезеңдермен білімін тереңдетіп, кеңейтіп отырады. Сондықтан факультатив және элективті таңдау курстарының мазмұны бастапқы түсініктерді қамтымауы қажет.

Тарих пәні мектепте тарихи мәліметтерді оқытуды қарастыратын пән. Сабақтағы, сабақтан тыс жұмыстар өзара тығыз байланысты және біртұтас тәрбие процесін құрайды. Өлкетану жұмысы да оқытудың құрамдас бөлігі болып келеді. Ол оқушылардың көзқарасын кеңейтуге, мәдени мұраға ортақтастыруға, кіші Отанына деген сүйіспеншілігі мен қамқорлығын бойына дарытуға, қоршаған ортаға бағыттануына көмектеседі. Сонымен қатар, өлкетану жұмыстарынан алған білімдері, балаларға сабақтағы тарихи мәліметтерді жақсы зерделеуге, оларды фактілермен, сандармен негіздеуге, оқиғаға қатысушылардың аты-жөндерімен нақтылауға көмектеседі.

Мысал ретінде біріктірілген 5-6-сыныптарға «Тарихи өлкетану» курсының бағдарламасын ұсынамыз. Курстың мақсаты білім алушыларды кіші Отанының тарихына қанықтыру, ой-өрісін кеңейтетін тарихи білімді меңгерту болып табылады.

*Бағдарламаның міндеттері:*

- сабақта әр кезеңдегі ауыл өмірінің жан-жақты тарихынан жаңа мағлұматпен оқушы білімін кеңейту, толықтыру;
- оқушыларға қолжетімді сабақтан тыс жұмыстардың нысаны мен олардың мазмұнын түрлендіру арқылы ауыл тарихына деген қызығушылықтарын арттыру;
- өлкетануға қызығушылықтарын дамыту;
- оқушылардың интеллектуалдық және практикалық дағдыларын дамыту;

- ақпаратты өңдеу және талдау қабілеті мен біліктілігін дамыту;
- азаматтық-патриоттық қасиеттерге тәрбиелеу.

Үлгі ретінде ұсынылып отырған 5-6-сыныптарға арналған «Тарихи өлкетану» курсы бағдарламасының мазмұнының жобасы:

№	Ұсынылатын тақырып	Оқу мақсаттары	Сағат саны
1	Тарихи өлкетану пәні туралы түсінік	Тарихи өлкетану пәні туралы балаларға түсіндіру. Туған өлке халқының өмір салтымен таныстыру. Балалардың бойында туған өлкенің өткеніне деген қызығушылық туғызу. «Отан неден басталады?» отбасының генеалогиялық шежіресін құруға көмектесу. Ата-бабалардың, ұрпақтың тарихы. Жеке адамның тарихы. «Генеалогиялық шежіре» жобасы.	2
2	Біздің өлке	Балаларда Отанға және оның өткеніне деген сүйіспеншілік және мақтаныш сезімдерін қалыптастыру. Туған өлкеге, оның табиғатына деген сүйіспеншілік пен қамқорлыққа тәрбиелеу. Менің Отаным – Қазақстан. Туған өлкенің тарихы. Ауылымның тарихы. Жоба. Саяхат.	4
3	Топонимика дегеніміз не	Балаларды ауылдың атауының шығу тарихымен таныстыру. Туған өлкеге, іздеу жұмысына, өлкенің тарихына қызығушылық қалыптастыру. Патриоттық сезімге тәрбиелеу. Топонимика. Туған өлке аймағының атаулары тарихынан. Мұрағат мәліметтері. Жоба.	4
4	Біздің өлкеміздің сәулет тарихы	Ауылдың тарихи, өлкетану және мәдени мұрасына қызығушылық қалыптастыру. Туған ауылы туралы түсінікті бала мен ата-ана арасындағы өмір тәжірибесінің байланысы арқылы қалыптастыру. Отбасына, туған өлкеге деген ортақтастық сезімін қалаптастыру. Сәулет өнерінің пайда болуы. Өлкенің тұрғын ғимараттарының салыну тарихы. Қала құрылысы тарихы. Жоба.	4
5	Мәдениет, салт-дәстүр	Ұлттық мейрамдарды оқу барысында оқушылардың танымдық белсенділігін арттыру. Салт пен дәстүр туралы балалардың білімдерін байыту және жүйелендіру. Балаларды анықтамалықтар, ғылыми-	4

		<p>танымдық әдебиеттер, мерзімдік басылымдар, заманауи ақпарат көздерін пайдалануға үйрету.</p> <p>Балалардың шығармашылық ой-қиялын дамыту. Ұлттық мейрамдар. Киім - ұлттық құндылық. Ұлттық киімнің ерекшеліктері. Қазақ халқының салт-дәстүрі. Ұлттық киімді жаңғырту.</p> <p>Жоба.</p>	
6	Қосымша тарихи салалар	<p>Нумизматика туралы балаларға түсіндіру.</p> <p>Балаларды геральдика ұғымымен таныстыру. Балалардың этнография және антропология жайлы білімдерін толықтыру.</p> <p>Археологиялық артефакттарға балалардың қызығушылығын ояту.</p> <p>Нумизматика. Геральдика.</p> <p>Этнография және антропология.</p> <p>Археология.</p>	4
7	Мектеп тарихынан	<p>Мектеп тарихына ортақтастық түсінігін қалыптастыру.</p> <p>Мектеп тарихын оқытуда балалардың танымдық белсенділігін арттыру.</p> <p>Мектебі туралы балалардың білімін кеңейту.</p> <p>Мектептің балалар және жасөспірімдер ұйымының тарихы.</p> <p>Мектептің танымал тұлғалары. Ұмытылған есімдер. Мамандық. Есіміңе бас иемін - ұстазым.</p> <p>Жоба: «Біздің мектебіміздің ауласы».</p>	4
8	Мұражай – ұрпақтар сабақтастығын жалғастырушы із	<p>Балаларды тарихи ескерткіштер және көрікті жерлермен таныстыру.</p> <p>Құжаттармен танысу-мектеп мұражайының жазбаша дереккөздері, фотоқұжаттар. Туған өлкеге сүйіспеншілікпен қарауға, оның тарихи өткеніне тағзым етуге тәрбиелеу.</p> <p>Мұражай – ұрпақтар сабақтастығын жалғастырушы із.</p> <p>Саяхат.</p>	2
9	Қорытынды	<p>Мәліметтерге шолу. Мультимедиалық сүйемелдеу жасау.</p>	2

8-9 сыныптарда «Дүние жүзі тарихы» пәнінен білімді тереңдету мақсатында келесі тақырыптар ұсынылады:

1. 40-жылдардың басы мен 50-жылдардың аралығындағы КСРО-ның ішкі саясатындағы қоғамдық-саяси өмір.

2. КСРО-ның сыртқы саясаты және халықаралық қарым-қатынас. 1945-1950 жылдар аралығындағы кезең.

3. КСРО-ның қоғамдық-саяси өмірі. 1950 – 1960 жылдар аралығы.

4. 50-жылдардың ортасы мен 60-жылдардың басындағы КСРО-ның экономикалық саясаты.

5. 1950-жылдардың ортасы мен 1960-жылдардағы КСРО-ның сыртқы саясаты.

6. 1960-1980-жж. КСРО-ның әлеуметтік-экономикалық саясаты.

7. 1965-1984-жж. сыртқы саясат.

8. 1985-1991-жж. КСРО-дағы қоғамдық-саяси және экономикалық өзгерістер.

9. 1985-1991 жж. КСРО-ның сыртқы саясаты.

Сұрақтардың бір бөлігі оқушылардың өздерінің ізденуіне және қорытынды жасауына арналған. «Сіздің ойыңызша...», «Сіз қалай...» және т.б.сөздермен басталады, көпшілік жағдайда бұл сұрақтарға жауап берілмейді, өйткені сұрақтар талқылауға және дискуссияға берілген.

Көлемді жауапты қажет ететін сұрақтар «тақта алдында» ауызша, жеке тапсырма берілген кезде, «баяндап айтып беріңіз» деген сөздермен басталады. Мұндай сұрақтарды оқушыларға жазбаша үй тапсырмасы ретінде беруге болады.

Сұрақтардың бір бөлігі оқушылардың белгілі бір ақпаратты меңгергенін тексеру үшін қолданылады. Бұл сұрақтардың жауаптары қысқа болуы мүмкін. Өзіндік жұмыс ұсынылады, яғни сұрақтарға жауап оқулықтың көмегімен беріледі.

Қиындығы жағынан сұрақтар деңгейлерге бөлінеді. Ағымдағы бақылаудың сұрақтары мен тапсырмаларында оқулықтың мәліметін меңгеруі және тарихи дереккөздерді пайдалануы тексеріледі. Өзіндік жұмысқа бағытталған сұрақтар мен тапсырмалар оқулықпен жұмыс жасауға және өзі үйде қарастыруға немесе оқу үлгерімі төмен оқушыларға арналған.

Қосымша сұрақтар топтамасын тарихты тереңдетіп оқыту үшін қолдануға болады.

Қорытынды бақылау жалпылау жұмысы болып табылады және жаңа сұрақтардан бөлек өткен тақырыптар бойынша талданған сұрақтарды да қамтиды.

Ұсынылатын бақылау және тексеру жұмыстары мұғалімге дәстүрлі, дәріс сияқты сабақ түрінен бас тартуға, оқушыларға - тарихты оқу барысында дербес жұмыс жасауға, нәтижесінде – білім беру процесін белсенді және қызықты етуге көмектеседі.

Ауылдың ШЖМ оқушыларына жан-жақты қоғамдық қарым-қатынастағы орны мен оған өзінің, басқа адамдардың қатысын анықтауға көмектесу үшін, өмірлік ұстанымын қалыптастыру үшін, өз мүмкіндіктерін іске асыруына, тұлға ретінде қалыптасуына ықпал жасау мақсатында, *9 сыныпта адам құқығы* бағыты бойынша элективті курс ұйымдастыру ұсынылады.

Курс оқушыларға заманауи экономикалық, саяси, құқықтық, адамгершілік мәдениетті тануға көмектеседі. Ал бұл, өз кезегінде еркін, құзырлы, әлеуметтік жауапкершілігі бар, өмірдегі қадамдарын саналы түрде таңдайтын тұлғаның қалыптасуының шарты болып табылады. Құқықтық білім берудің бұл аспектісінде білім мазмұнын жаңғырту міндеттерімен сәйкес келесі үрдістер қамтылады:

- құқықтану курсының мазмұнын тәжірибеге бағытталған тәсілдеме негізінде беру;
- шынайы өмірдегі түрлі құқықтық қарым-қатынастағы оқушының әлеуметтік тәжірибесіне сүйену;
- тұлғаның белсенді азаматтық ұстанымын қалыптастыру;
- адам құқығын және халықаралық құқық нормаларын құрметтеу;
- оқушылардың құқықтық сауаттылығының қажетті деңгейін қамтамасыз ету.

Ұсынылатын сабақты жүргізу түрлері – дискуссия, мәтінмен жұмыс (құжаттармен), шағын топтарда жұмыс, түпдеректерге сүйене отырып баяндама дайындау, рөлдік ойындар, презентациялар.

Курстың мазмұнында келесі тақырыптар топтамасын ашуға болады:

1. Адамды адам ететін не?
2. Адам құқықтарының жалпыға бірдей Декларациясы.
3. Талқылау (дискуссия), адам құқығын қорғаудағы жұмысты белсендіру формасы ретінде.
4. Демократиялық қоғамдағы адамның негізгі конституциялық құқықтары.
5. Бала құқықтары.
6. Халықаралық қауымдастық адам құқығын қорғау жолында.

*Орта ғасырлардағы Қазақстан тарихы* білім алушылардың пән бойынша іргелі дайындығын қамтамасыз ететін негізгі пәндердің қатарына жатады. Сондықтан VI-XVII ғасырлар аралығында өмір сүрген ел тарихында өшпес із қалдырған тарихи тұлғалар туралы білімдерін толықтыру мақсатында тарих пәнінің тәжірибелі мамандары *7-сыныпта* «Тұғыры биік тұлғалар» тақырыбында факультативтік курс жүргізуді ұсынады. Курс мазмұнына VI-XVII ғғ. қазақ даласында билік еткен қағандар мен хандардың өмірі мен қызметі, ел дамуына қосқан үлестері төңірегіндегі мәселелерді ала отырып, сын тұрғысынан ойлау қабілеттерін дамыту мақсатында дәуірлер тоғысына талдау жасау ұсынылады. *Біріктірілген 7-8-сыныптарды* қамтыған жағдайда үлкен сыныптың оқушыларына қазіргі өркениет дамуындағы ішкі және сыртқы қарым-қатынас салаларымен байланысты күрделірек талдау ұсынуға болады.

Қазақстан тарихын тереңдетіп оқыту арқылы «Мәңгілік ел» жалпыұлттық идеясының құндылықтары мен «Рухани жаңғыру» бағдарламасының бағыттарын толық ашуға мүмкіндік бар. «Туған жер» жобасы бойынша тұлғаға деген құрмет сезімін қалыптастыру, ұсынылып отырған факультатив курсының мазмұнымен терең астасып жатыр.

*Бағдарламалық материал мазмұнының үлгісі:*

*1.VI-XIII ғасырлардағы тарихи тұлғалардың өмірімен таныстыру (9 сағат).*

Бумын қаған, Иштеми (Істеми), Тардуш (Дато) -Түрік қағанатының негізін қалаушы Түрік қағанаты (552-603 жылдар), Шегу және Тон қағандар - Батыс түрік (603-704 жылдар) және Шығыс түрік (682-744 жылдар) қағанаттары), Үшлік қаған және Сұлық (Сұлу) қағандар Түгеш қағанаты (704-756 жылдар), Сатұқ Боғра хан-Қарахан мемлекетінің негізін қалаушы Қарахан

мемлекеті (942-1212 жылдар), Күшлік хан ( Наймандар, керейіттер, жалайырлар).

### *2. XIII-XV ғасырлардағы тарихи тұлғалар (11 сағат).*

Шыңғыс хан-адамзат тарихындағы ұлы тұлға, Жошы хан, Шағатай, Үгедей хан, Алтын орданың екінші әміршісі-Берке хан, Отырардың қайсар ханы Қайыр хан, Бейбарыс сұлтан, Әмір Темір, Ұлы ғалым Ұлықбек (1394-1449), Кебек хан, Әбілқайыр хан.

### *3. XV-XVII ғасырлардағы Қазақ хандары (12 сағат).*

Керей хан-Қазақ хандығының алғашқы ханы, Әз Жәнібек хан- Қазақ хандығы мен қазақ хандары әулетінің негізін қалаушы, Хан Едіге, Бұрындық хан (Қасым ханның (1511-1518 жылдар) ішкі және сыртқы саясаты), Қасым хан (Қасым ханның (1511-1518 жылдар) ішкі және сыртқы саясаты), Хақназар хан (Хақназар хан (1538-1580 жылдар) тұсындағы Қазақ хандығы), Тәуекел хан, Есім хан, Жәңгір хан, Тәуке хан.

Сағат санының аздығына байланысты мектептегі тарих пәнінің курсында тарихи тұлғаларды зерттеуге аз уақыт бөлінеді. Бұл тұлғалардың есімі саясатта, мәдениетте, ғылымда және өнерде болған өзгерістермен тығыз байланысты.

Осыған орай қосымша сабақтарға «Әлем тарихындағы ұлы тұлғалар» тақырыбын алуға болады. Практик мамандардың пікірі бойынша бұл тақырып аясындағы қосымша курс білім алушылардың білімдерін тереңдетіп қана қоймай, сонымен бірге дүниежүзі тарихының шеңберіндегі Еуропа, Азия елдерінің тарихи тұлғалары туралы білімдерін дамытып, білім алушылардың бойында ерлік пен өр мінезділік рухының негізінде тұлғалық қасиет қалыптастыруға ықпал етеді.

*Бағдарламалық материал мазмұнының үлгісі:*

- 1. «Рим империясы» (7 с.)*
- 2. «Орта ғасырдағы әлемге танылған тұлғалар» (4 с.)*
- 3. «Таяу шығыстағы крест жорықтары» (2 с.)*
- 4. «Монғол билеушілері» (5 с.)*
- 5. «XI-XVI ғғ. Еуропа тұлғалары» (9 с.)*
- 6. «XI-XVI ғғ. Шығыс Азия елдерін танытқан тұлғалар» (4 с.)*

## **АҒЫЛШЫН ТІЛІ**

7-8 сыныптарға арналған «We Live in an amazing world» курсының бағдарламасы шағын жинақты мектептерде ағылшын тілін тереңдетіп оқытуда мұғалімдерге көмекші құрал ретінде ұсынылады.

ШЖМ үшін «We Live in an amazing world» курсы бағдарламасын тереңдетіп оқытудағы мақсаттары:

- ағылшын тілі бойынша оқушылардың білімін тереңдету;
- оқытушылардың бейімділігі мен қабілеттіліктерін анықтау арқылы дамыту жолдарын белгілеу;
- мамандықты дұрыс таңдай білуге дайындық;
- оқу процесі барысында өзін-өзі дамыту және өзін танып білуіне жағдай жасау;

- ағылшын тілін оқыту барысында оқушылардың іргелі білімге қол жеткізуі;

- болашақ мамандық саласында алғыр, бәсекеге қабілетті болуына қажетті дағдыларын дамыту.

Ағылшын тілін тереңдетіп оқыту үшін ұсынылып отырған бағдарлама жаңартылған мазмұндағы оқу бағдарламасының негізінде ШЖМ ерекшеліктерін ескеру арқылы жасалған. Тереңдетіп оқыту барысында тек пәндік тақырыптарды кеңінен ашып оқыту мақсаты қойылмаған, сонымен бірге оқушылардың функционалдық сауаттылық дағдыларын дамытуға, оның ішінде оқу сауаттылығын жетілдіруге негізделген.

Курстың оқу бағдарламасы вариативтік компонент есебінен оқу жылы барысында 34 сағатқа есептелген, яғни аптасына 1 сағатқа арналған.

Берілген курс бағдарламасының мазмұны базалық оқу жоспарын қайталамайды, тек тереңдете және күрделендіре оқытады.

Оқушылардың білімдерін тереңдету және практикалық дағдыларын қалыптастыруда білім деңгейлерінің сабақтастығы сақталады. Жаратылыстану-математика бағытындағы биология, география, физика, информатика, химия оқу пәндерімен кіріктірілген.

Бағдарлама мазмұны шағын жинақты мектеп ерекшеліктерін ескеру арқылы құрастырылған: оқушылардың әртүрлі жас ерекшеліктері, сыныптағы бала санының аздығы, балаларды әлеуметтендіру ерекшеліктері.

Бағдарлама мазмұнында «Рухани жаңғыру» мемлекеттік бағдарламасы бағытына сәйкес тәрбие аспектісіне аса көп көңіл бөлінген: патриоттық тәрбие, мәдениетті құрметтеу, биік моральдік қасиеттер.

Курс бағдарламасы ағылшын тілін оқытудың мазмұндық құрылымына негізделген, соның ішінде:

- 1) коммуникативтік дағды;
- 2) тілдік білім;
- 3) тілдік елтану білімі.

Берілген курстың мазмұны негізделген:

- спецификалық тілдік құрылымдарға және лексикаға;
- тілдік құрылымдағы мәтіндердің мазмұндық функциясына;
- болуы ықтимал оқушылардың мәдени және әлеуметтік қызығушылықтарына.

Берілген курстың оқу процесі коммуникативтік негізге құрылған, тілдік қызмет түрлерінің барлығы қамтылады.

Берілген тапсырмалар ауызекі сөйлеу стилін, оқу, тыңдалым дағдыларын топтық, жұптық, жеке жұмыс түрлерінде, өзіндік жұмыста, шығармашылық, проблемалық-ізденушілік жұмыстарды дамытуға арналған.

Тыңдау қабілетін жақсарту мұғалімнің дауыс ырғағымен немесе дыбыс жазбасы арқылы жүргізілетін материалдарды қолдануға бағытталған.

Тыңдау, оқу құзіреттілігінің қалыптасуы оқылған немесе тыңдалған ақпаратты тек түсініп қана қоймай, оны психо-эмоционалдық тұрғыдан ой елегінен өткізу арқылы проблемалық сұрақтар қоюға, оны талдауға, өз пікірін дәлелдеуге, кейіпкердің іс-әрекетіне баға беруге үйретеді.

Оқушылардың сөздік қорын байыту мақсатында анықтамалықтармен және энциклопедиялық әдебиеттермен, электронды ресурстармен, бұқаралық ақпарат құралдары материалдарымен жұмыс жасау ұсынылады. Нәтижесінде сипаттама беру, мінездеме беру, салыстыру, талдау, диалог жүргізу, пікірталас, қажетті дәлелдемелер келтіру, жинақтау және қорытынды жасау дағдыларын қалыптастыруға қол жеткізуге болады.

Курстың орта мерзімді жоспары және негізгі тақырыптар бойынша сабақ жоспарларының үлгілері әдістемелік ұсынымдардың қосымшасында берілген (*Қосымша 2*).

*Курсты аяқтаған білім алушылар меңгереді:*

- оқыған лексикалық бірліктердің негізгі мағынасын (сөз, сөз тіркестері) 1250 сөз көлемінде білулері керек;
- сөздерді байланыстырудың негізгі тәсілдері (аффиксация, сөз байланысы, конверсия);
- жай сөйлем мен құрмалас сөйлемдердің құрылым ерекшеліктері;
- сөйлем түрлерінің коммуникациялық ерекшеліктері мен интонациясы;
- грамматикалық сауаттылық белгілері (етістіктердің шақтары Present/ Past/ Future Simple; Present / Past Continuous; Present / Past Perfect; Present Perfect Continuous; ырықсыз етістік Present / Past / Future Simple Passive;

төл сөзді төлеу сөзге аудару ережелері; үстеу, сан есімдер (құрамы мен мағыналық түрлері, қосымшалары), есімдік, модальдық етістіктер және олардың эквиваленттері, артикльдері);

- тура сөйлемді жанама сөйлемге аудару ережелері;
- тілі оқытылатын елде қалыптасқан сөйлеу әдебінің негізгі нормалары (сыни пікір білдіру (реплика-клише), бағалау лексикасы).

*Курсты аяқтаған білім алушылар қолдана алады:*

- өзі туралы, отбасы туралы, достары туралы, салауатты өмір салты туралы, өзінің елі және оқып жатқан елдің тілі туралы қысқаша мәліметті айта біледі;

- қысқаша хабарламаны, оқиғаны сипаттай алады, негізгі оқыған, естіген 8-10 фразалық көлемдегі өз ойын айта алады;

- Әр оқушы тарапынан 5-6 пікір көлеміндегі әртүрлі диалог түрлерін жүргізе алады;

- қысқа, әрі аса қиын емес мәтіндердің негізгі мазмұнын түсінеді және өзіне қажетті маңызы бар ақпаратты іріктей алады.

Берілген курс бағдарламасы ағылшын тілін меңгертуде білім алушылардың қызығушылығын арттыруға бағытталған танымдық оқу құралы. Курс арқылы оқушылардың сыни тұрғыдан ойлауын, тілдік дағдыларын жетілдіру, білімдерін кеңейту қарастырылған, ол биология, география, физика, информатика, өмірдегі оқиғалармен байланыс арқылы тапсырмаларға енгізіледі. Білім алу процесінде оқушылардың өздері белсенді қатысушы ретінде орын алады.

Әртүрлі тапсырмаларды жүзеге асыру үшін интербелсенді әдіс-тәсілдерді қолдану ұсынылады: «Алты қалпақ», «Жуан-жіңішке сұрақтар», «Балық қаңқасы», «Флипчарттар», «Тұжырымдама картасы», «SWOT талдауы», «Бес жол өлең», «Миға шабуыл» және тағы басқа түрлері.



Ұтымды, тиімді сабақтар ұйымдастыру үшін міндетті түрде әртүрлі жұмыс түрлерін қамту: дидактикалық және дамыту ойындары, мақал-мәтелдер, сергіту сәттері, рифмовкалар, санамақтар, ребустар, сөзжұмбақтар.

*Курс процесіндегі тәрбиелік нәтижелер:*

- әлеуметтік тұрғыдан ынтымақтастық орта қалыптастыру, әртүрлі жағдаяттарда шешім қабылдай білу;
- қоғамдағы маңызды құндылықтарды бағалай білу, сезіну, оң көзқараста болу (адам, отбасы, Отан, табиғат, әлем, білім, еңбек, мәдениет);
- мектеп оқушыларының қоғамдық ортада өз бетінше әрекет ету тәжірибесін жинауы, белсенділігі (жеке жобаларын ұсыну, рөлдік ойындар, сахналау), және ашық қоғамдық ортада өзін көрсете білуі.

*Оқу процесінде дамытылатын білім алушылардың жеке бас құндылықтары:*

- басқа елдерге қатысты достық ықылас, төзімділік;
- танымдық, шығармашылық, қоғамдық белсенділік;
- дербестік (сонымен қатар, шешім қабылдауда);
- ынтымақтастық, өз шешіміне жауап бере алу;
- коммуникативтік қарым-қатынасқа ашықтық;
- өзіне және басқаларға деген құрмет;
- жеке және өзара жауапкершілік;
- стандартты емес ситуацияға дайын болу.

*Оқу жетістігін бағалау және оқушылардың жетістік деңгейін бақылау:*

Оқу жетістігін бағалау жаңартылған білім мазмұнына сәйкес жүргізіледі, тәжірибелік бағыттағы білім беру процесіне, білім құзіреттілігіне бағытталған. Ағылшын тілі бойынша оқушылардың оқу жетістігін бағалау критерийлері келесі деңгейлерді меңгеруге негізделген:

- лексикалық білім;
- тыңдалым;
- айтылым;
- оқылым;
- жазылым;
- тілдік дағдыларды қолдану.

Тілдік материал:

- ұсынылатын лексика арқылы сөздік қорларын кеңейту.

Грамматика:

- бұрынғы өткен тақырыптар бойынша грамматикалық құзыреттілікті кеңейту мақсатында базалық оқу бағдарламасын тереңдету, жетілдіру.

*Оқушылардың оқу жетістігін бағалау критерийлері:*

*Айтылым:*

- білім алушылар таныс тақырып бойынша логикалық ұйымдастырылған оқиғалар негізінде мәтіннің негізгі идеясын жеткізеді;
- ресми және бейресми сөйлеу стильдерін қолданады;
- таныс тақырыптың фотосуреттері, тақырыптары, түйінді сөздері, үзінділері арқылы мәтіннің мазмұнын болжайды;
- нақты ақпаратты алу үшін қарапайым және күрделі сұрақтар қояды; тапсырмаларды орындау үшін оқушылармен (жұппен, топта) өзара қарым-

қатынас жасайды;

- таныс тақырып бойынша мәтінді қарама-қарсы қояды және салыстырады;
- дәлелдерді бере отырып, ойын жеткізеді.

*Тыңдалым:*

- оқу бағдарламасының тақырыптары бойынша мәтіннің негізгі идеясын түсінеді;
- ақиқат пен ой-пікірлерді анықтайды;
- таныс тақырыптар аясында жан-жақты түсінеді, қосымша ақпаратты алу мақсатында тыңдалған материал негізінде күрделі сұрақтарды тұжырымдайды;
- мәнмәтіндік тұспалдар көмегімен тыңдалған материалдан тұжырымдар жасайды;
- таныс тақырып бойынша ерекше ақпаратты анықтайды;
- таныс тақырып бойынша дәлелдерде сәйкессіздікті анықтайды.

*Оқылым:*

- жалпы және таныс тақырып бойынша әртүрлі стиль мен жанрлардың мәтініндегі негізгі идеяны, сонымен қатар егжей-тегжейін түсінеді;
- әртүрлі ақпарат көздерін қолданады (анықтамалық материалдар, сөздіктер, интернет);
- таныс тақырып бойынша түрлі стиль мен жанрдың мәтінінен ерекше ақпаратты анықтайды;
- тақырыптар, фотосуреттер, түйінді сөздер, үзінділер арқылы мәтіннің мазмұнын болжайды;
- автордың қатысын және ойын анықтайды;
- әртүрлі мәтіндердегі ақпаратты бағалайды.

*Жазылым:*

- білім алушылар кестелер, диаграммалар, сызбалар, сауалнамалар, формаларды толтырады;
- таныс тақырыптар бойынша мәтіндерді жоспарлайды, жазады, редакциялайды және оқып шығады;
- қарым-қатынастық тапсырмаларға сәйкес мәтінде белгі жасайды;
- оқытылған тақырыптардың ақпаратын қолдана отырып, өткен шақ, осы шақ және келер шақпен байланысты оқиғаларды суреттейді және көрсетеді;
- таныс тақырыптың мәтінінде сөйлемдер мен абзацтарды байланыстырады және үйлестіреді;
- таныс тақырыптың мәтінінде тыныс белгілерін дұрыс қолданады;
- сәйкес ережелер мен құрылымдарды қолдана отырып, әртүрлі стильдер мен жанрлар бойынша мәтіндер құрастырады.

*Лексиканы қолдану:*

- білім алушылар кең лексикалық ауқымды және тілдің түрлілігін әдеттегідей жоғары дәлдікпен қолданып, өзінің ойын білдіреді;
- өткен шақ, осы шақ және келер шақ қатарын және модальді етістіктердің кең ауқымды түрін еркін қолданады;
- контекстік тақырыптағы есімдіктерді қолданады;
- әртүрлі сұрақ түрлерін қоя алады;
- сөйлем мүшелері түрлерін қолданады.

7-8-сыныптарда базалық оқу бағдарламасы негізінде ағылшын тілін тереңдетіп оқытуға ұсынылған бағдарлама үлгісі:

№	Базалық оқу бағдарламасына сәйкес тақырыптар		Ағылшын тілін тереңдетіп оқыту курсының тақырыбы	
	7-сынып	8-сынып	Тереңдетіп оқытуға арналған тақырып	Сағат саны
1	Hobbies and Leisure	Our World	Nature and we.	5
2	Communication and Technology	Daily life and Shopping	How does it work? Electronics	3
3	Holidays and Travel	Entertainment and Media	Internet surfing	3
4	Space and Earth	Sport, Health and Exercise	Space	4
5	Reading for pleasure	Reading for pleasure	Green is Great!	5
6	Entertainment and Media	The Natural World	Notes of a Tourist	3
7	Natural Disasters	Travel and Transport	My dream vacation	4
8	Healthy Habits	Food and Drink	Healthy lifestyle	3
9	Clothes and Fashion	The World and Work	Seasons and clothes	4

## ҚОРЫТЫНДЫ

Мемлекет басшысы Н.Назарбаевтың қалалық және ауылдық мектептер арасындағы білім берудегі сапалық алшақтықты қысқарту бойынша тапсырмасы ауылдық шағын жинақты мектептердің білім беруіндегі және кәсіптік даярлыққа қолжетімділігін қамтамасыз ету жолындағы мемлекетіміздің экономикалық өсуінің жаңа моделінің өзекті түйіні болатын негізгі мәселелерінің бірі болып табылады [3]. Еліміздің Президенті Н.Назарбаев өзінің «Болашаққа көзқарас: қоғамдық сананы жаңғырту» мақаласында: «Жастарымыз басымдық беретін межелердің қатарында білім әрдайым бірінші орында тұруы шарт. Себебі, құндылықтар жүйесінде білімді бәрінен биік қоятын ұлт ғана табысқа жетеді.» деп атап көрсетті [1].

Қоғамдық сананы жаңғыртумен қатар жүріп жатқан ауқымды өзгерістер оқу-тәрбие процесін ұйымдастыруға жаңа талаптар қояды, ондағы негізгі мәселе – жалпы адами, ұлттық құндылықтар мен көзқарастары қалыптасқан, қоғамның зияткерлік, шығармашылық күші ретінде жастарды тәрбиелеу. Бұл мәселені шешудегі негізгі рөлді гуманитарлық ғылымдар атқарады, олар жалпыадами рухани-мәдениеттік құндылықтарды, жетістіктер мен кемшіліктерді толық түсінуді қалыптастыра отырып, ұлттық басымдықтарды қалыптастыруға мүмкіндік береді. Өзінің өткендерін азаматтық қоғамның заманауи қажеттіліктері мен мәселелері деңгейінде терең түсінуі арқылы жастар қазіргі заманда өз орнын анықтай білетін және келешекке саналы қадам жасай алатын болады. Бұл бағыттағы гуманитарлық пәндер көптеген ғылымдардың негізгі фактілерін және заңдылықтарын білім алушылардың бірыңғай дүниетанымдық білім жүйесіне синтездей отырып, жастардың санасына және олардың қоршаған ортаны және нақты болмысты бағалай білуіне белсенді және мақсатты әсер етеді.

Бүгінде ШЖМ педагогикалық процестің ерекше ұйымдастырылуына, көптеген өңірлік, әлеуметтік-экономикалық мәдени факторларды ескеретін баланың тұлғалық дамуына арнайы тәсілдер қолдануға аса мұқтаж болып отыр.

Оқытудың заманауи тиімді технологияларын енгізу, ШЖМ оқу процесіне инновациялық білім беру технологияларын қолдану, прогрессивтік өзгерістердің жылдам қарқыны мұғалімдердің тұрақты педагогикалық ізденуін қажет етеді.

Бүгінгі күні ШЖМ педагогтері практикада қолданылатын оқытудың әдістемелерін жүйелендіруі қажет және оқыту процесіне жаңа педагогикалық тәсілдерді белсенді енгізулері қажет. Оның барысында білім беру мазмұнын жанарту жағдайында АКТ-ды, онлайн-ресурстарды кең қолдануға, білім алушылардың өзіндік белсенді танымдық іс-қимылына жағдай жасау қажет.

Әдістемелік құралда шағын жинақты мектеп мұғалімдері үшін қоғамдық-гуманитарлық бағыт пәндерін тереңдетіп оқыту процесін тиімді және нәтижелі ұйымдастыру бойынша құнды ұсынымдар берілген.

Егер бүгінгі күні елімізде тірек мектептері (ресурстық орталықтар) магниттік шағын жинақты мектептердің тек 18% қамтитынын ескерсек, онда тірек мектептерінен бөлек, сол шағын жинақты мектептердің өзінде, мектеп

компоненті есебінен қоғамдық-гуманитарлық бағыттағы пәндер бойынша факультативтік сабақтары мен бейінді курстарды әдістемелік ұсынымдарда беріліп отырған оқу жұмыс жоспарларының үлгілеріне сәйкес сапалы ұйымдастырып, өз мектептерінде оқушылардың білім алу траекторияларын одан әрі анықтауға мүмкіндік бар.

## Әдебиеттер тізімі

1. Статъя Главы государства "Взгляд в будущее: модернизация общественного сознания" 12 апреля 2017 года, Астана.
2. Послание Президента Республики Казахстан Н. Назарбаева народу Казахстана «Третья модернизация Казахстана: глобальная конкурентоспособность» 31 января 2017 года, Астана.
3. Государственная программа развития образования и науки Республики Казахстан на 2016–2019 годы.
4. Типовые правила деятельности по видам общеобразовательных организаций (начального, основного среднего и общего среднего образования). Приказ министра Образования и науки Республики Казахстан от 17 сентября 2013 года №375.
5. Государственные образовательные стандарты (ГОСО-2012, ГОСО-2016).
6. Национальный доклад о состоянии и развитии системы образования Республики Казахстан. С. Ирсаиьев, А. Култуманова, Т. Булдыбаев, Г. Карбаева, Ш. Шаймуратова, Г. Ногайбаева, Г. Кусиденова, А. Ибрашева, З. Алямова, М. Алпысбаева, К. Манакова. –Астана: АО «ИАЦ», 2015 - 273 с.
7. «Основные результаты международного исследования PISA-2015», 2017 год: Национальный отчет/С. Ирсаиьев, А. Култуманова, Е.Сабырұлы, М.Аманғазы – Астана: АО «Информационно-аналитический центр», 2017 – 241 стр.
8. Қазақстан Республикасы Орта білім беру ұйымдарындағы оқу жетістіктерін сырттай бағалаудың қорытындылары 2016 жыл = Итоги внешней оценки учебных достижений в организациях среднего образования Республики Казахстан в 2016 году /Қ.Әбдиев, Д.Жаксыбеков, Ж.Кайшыгулова, К.Тургумбаев, т.б. - Астана: Ұлттық тестілеу орталығы, 2016 - 151 б.
9. Механизм организации учебного процесса обучающихся в совмещенных классах МКШ по действующей и обновленной программам обучения. Методическое пособие. I ч. - Астана: НАО имени И. Алтынсарина, 2017. – 105с.
10. Организация дистанционного обучения в ресурсных центрах для МКШ. Методические рекомендации. - Астана: НАО имени И. Алтынсарина, 2018. – 120 с.
11. Шағын жинақты мектептің біріктірілген сыныптарында бірпәндік оқыту принциптері. Әдістемелік құрал – Астана: Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы, 2013. – 48 бет.
12. Шағын жинақты мектептің біріктірілген сыныптарында біртақырыптық оқыту принциптері. Әдістемелік құрал. – Астана: Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы, 2013. – 63 б.
13. Шағын жинақты мектептің біріктірілген 5, 6-сыныптарында ағылшын тілін кіріктіре оқыту. Әдістемелік құрал. – Астана: Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы, 2013. – 65 б.
14. Тірек мектебі (ресурстық орталық) жағдайында мұғалімді бейіндеп даярлау мәселелері. Әдістемелік құрал. – Астана: Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы, 2013. – 69 б.

15. «Қазақстан»: Ұлттық энциклопедия / Бас редактор Ә. Нысанбаев – Алматы.

16. Айбын. Энциклопедия. / Бас ред. Б.Ө.Жақып. - Алматы: «Қазақ энциклопедиясы», 2011. - 880 бет.

17. Тарихи тұлғалар. Танымдық - көпшілік басылым. Мектеп жасындағы оқушылар мен көпшілікке арналған. Құрастырушы: Тоғысбаев Б. Сужикова А. – Алматы. “Алматы кітап баспасы”, 2009.

18. Историческое краеведение. Ащурков В.Н., Коцюба Д.В., Матюшин Г.Н. М.:1997.

## 5 сыныпта орыс тілінде оқытатын мектептердегі қазақ тілі пәнінің мазмұнын тереңдетуге арналған «Тіл дарын» курсының бағдарламасы

Ұсынылып отырған курстың жұмыс бағдарламасының үлгісі орыс мектептеріндегі «Қазақ тілі және әдебиет» пәні бойынша жаңартылған оқу бағдарламасының негізінде ШЖМ жағдайында тереңдетілген білім беру мақсатында мектеп компонентінің вариативті бөлік сағаттарына есептеліп құрастырылған.

*Курстың негізгі мақсаты* оқушылардың іскерлік дағдыларын жетілдіру, мемлекеттік тілге деген қызығушылығын арттыру, ауызекі сөйлеу дағдысын жетілдіру.

*Күтілетін нәтиже:* ауызекі сөйлеу тіліндегі жоғарғы тілдік қарым-қатынас деңгейіне қол жеткізу, тіл және оның маңызы шеңберіндегі сабақтастық түсінік аясын кеңейту, мемлекеттік тілді меңгеруге тұрақты қызығушылық қалыптастыру.

Курс жоспары 5 сынып бағдарламасына сай 13 бөлімдегі, айтылым, жазылым, тыңдалым, оқылым дағдыларын жетілдіруді мақсат етеді. Курс аптасына 1 рет, жылына 34 сағатқа жоспарланған.

### «Тіл дарын» курсы бағдарламасының мазмұны

№	Бөлім тақырыптары	Тыңдалым	Айтылым	Оқылым	Жазылым	Сағат саны
1	«Отбасындағы дәстүрлер мен мерекелер»	Аталған тақырып бойынша үнсіз бейнеролик ұсынып, оқушылардың сөйлетуі «Клоуз – тест»	Дастархан батасы. Жол батасы. Наурыз батасы.	Мақал-мәтелдердің аудармасын тауып, мағын а-ларын түсіндіріңдер.	Анасына ашықхат дайындау.	4
2	«Мектеп өмірі. Әдепті бала - арлы бала»	Бейнеролик мазмұны бойынша оқиғаны 2-3 сөйлеммен жалғастыру	«Кел, балалар, оқылық» әнін жаттау.	«Сөзді тап» ойыны	Газет-журналға мақала дайындау.	2
3	«Қазақстандағы жан-жануарлар мен өсімдіктер әлемі. Жан-	Мультфильмнің үнсіз нұсқасын өз бетінше сөйлету	«Түлкі мен ешкі» ертегісін сахналандыру. «Мақта қыз	«Графикалық органайзер» әдісі. Тапсырма: жаңа сөздерді сөз	Қойылым сценарийлерін жазу.	2



	жануарлар туралы ертегілер, жұмбақтар»		бен мысық» ертегісін сахналандыру.	таптарына бөліп, кестені толтыр		
4	«Ежелгі көшпелілер мәдениеті. Тұмар ханшайым туралы аңыз»	Тарих пәнімен кіріктірілген сабақ ұйымдастырып, мәтіннен тарихи фактілерді анықтау	Сабыр Адайдың «Тұмар» өлеңі.	«Қалқыма көпірлер» әдісі.	Кир мен Тұмардың диалогын жазу.	2
5	«Су-тіршілік көзі»	Тыңдалған мәтін негізінде судың пайдасын анықтап, қарама қарсы пікір жазу	Мақал-мәтелдер.	Бұл мақал-мәтелдердің мағынасын бір сөзбен қалай түсіндірер едің?	Бір минералды суға жарнама жазу.	3
6	«Әлемдегі ірі кітапханалар»	Мәтін мазмұны бойынша адасқан сөйлемдерді реттеу	Ыбырай Алтынсариннің «Кел, балалар, оқылық» өлеңі. Абай Құнанбаевтың «Интернатта оқып жүр» өлеңі.	Мақалды аяқта.	Облыстық кітапханаға жарнама жазу.	2
7	«Денсаулық – зор байлық»	Мәтін мазмұнына сай диалог құру	Полилог «Дәрігерде». Полилог «Емханада».	«Жалғасын тап». Денсаулыққа қатысты мақалдардың жалғасын табу.	Дәрумендерге медициналық қызметкердің атынан пікір жазу.	2
8	«Менің Тәуелсіз Қазақстаным. Қ.Сарин. «Тәуелсіздік» өлеңі»	Тыңдалған мәтін негізінде жоспар құру	«Желтоқсан желі» әні. Қайрат Рысқұлбековтың «Қайрат деген атым бар» өлеңі.	Отан туралы мақал айт.	Шағын өлең жолдарын жазу (синквейн)	2
9	«Аспан әлемінің құпиялары»	Тыңдалым негізінде «Дұрыс-бұрыс»	«Жетіқарақшы» әні. Қазақша жыл санау	Көп нүктенің орнына тиісті сөзді	Аспан әлемнің бір денесіне сипаттама	2

		кестесін толтыру	мен жұлдыздар.	тауып оқы.	жазу.	
10	«Компьютердің тілін табу»	Тыңдалым негізінде жуан және жіңішке сұрақтар құрастыру	Полилог «Менің бір күнім». Полилог «Менің сүйікті ойыным». «Қолдаймын -қарсымын» сөзжарысы.	Бос орынға қандай сөз жазар едің?	Сөйлемдерді аяқтау: Мен келісемін... Мен келіспеймін. ..	3
11	«Қазақстандағы ұлттар достастығы. Бір атаның балалары. М.Мағауин. «Бір атаның балалары»	Тыңдалым негізінде топта полилог құру	Қадыр Мырза Әлидің «Қазақ осы» әні. «Достар жайлы ән». «Әрқашан күн сөнбесін» әні.	Мысалдармен дәлелде.	Зекен Ахметұлына хат жазу	3
12	«Ұлы дала табиғаты»	География пәнімен кіріктірілген сабақ ұйымдастырып, тыңдалым негізінде жарнама жазу	Сәкен Сейфуллиннің «Көкшетау» әні. Нұрғиса Тілендиевтің «Алатау» әні. Мұқағали Мақатаевтың «Туған өлке» өлеңі.	Доппен ойын. Үйге берілген жаңа мақал - мәтелдерді ойын түрінде тексеріп шығу.	География пәнімен кіріктірілген сабақ ұйымдастырып, «Менің жазғы саяхатым» туристік маршрут жасау.	3
13	«Ер есімі – ел есінде. Ғ.Мүсіреповтың «Қазақ солдаты» романы»	Тыңдалған мәтін негізінде диалог немесе полилог құру	Сейдолла Бәйтерековтың «Әлия» әні. Жақсыгелді Сейіловтың «Ана туралы баллада» әні. Мұқағали Мақатаевтың «Қайран, жеңгем» әні.	Ерлік туралы мақал тауып, оқып бер.	«Жауынгерге хат» жазу.	4

**ШЖМ біріктірілген 7-8 сыныптарына арналған  
ағылшын тілін тереңдетіп оқытуға арналған оқу жұмыс жоспары**

№	Темы в соответствии с базовой учебной программой		Темы курса и предлагаемое количество часов	
	7 класс	8 класс	Тема углубленного курса	Количество часов
1	Hobbies and Leisure	Our World	The world around us	5
2	Communication and Technology	Daily life and Shopping	How does it work?	3
3	Holidays and Travel	Entertainment and Media	Surfing the Internet	3
4	Space and Earth	Sport, Health and Exercise	Space	4
5	Reading for pleasure	Reading for pleasure	Green is Great!	5
6	Entertainment and Media	The Natural World	Tourism	3
7	Natural Disasters	Travel and Transport	My dream Vacation	4
8	Healthy Habits	Food and Drink	Let`s run an experiment	3
9	Clothes and Fashion	The World and Work	There`s no bad weather, isn`t it?	4

Содержание предлагаемого курса носит занимательный характер. Развивающие мыслительную деятельность задания имеют межпредметную связь с биологией, географией, физикой, информатикой, с событиями повседневной жизни детей, что делает курс привлекательным, интересным, познавательным. Учащиеся не только получают информацию, но и обсуждают предлагаемые проблемные вопросы, работают над проектами, инсценируют ситуации, то есть являются активными участниками своего обучения.

Программа данного курса позволяет показать учащимся, как увлекателен процесс овладения английским языком. Это имеет большое значение для формирования подлинных познавательных интересов как основы учебной деятельности. Занятия курса должны пробуждать у обучающихся стремление расширять свои знания по английскому языку, совершенствовать свою речь, развивать критическое мышление.

Для успешного проведения занятий необходимо использовать различные стратегии педагогических подходов и другие виды работ. При организации занятия можно разнообразить и дополнять предлагаемые формы и методы работы на усмотрение учителя.

## Среднесрочное планирование

Unit	Lesson	Learning Objectives	Language objectives	Active Methods	Assessment	Cross curriculum	Results	Recourses
